

Түркістан облысы
Қазығұрт ауданы
«Айболған» бөбекжай балабакшасы



Вариативтік компонент

Қауіпсіздік әліппесі «Музарт» ересек топ

Тәрбиешісі:Халдарбекова А

2019-2020



«Қауіпсіздік әліппесі» бағдарламасының құнтізбелік жоспары
Аптасына 1 сағат жылына 36 сағат

№	Мазмұны	Сағат саны	Отілетін күні
1	Тақырыбы: Көшемен танысамыз Мақсаты: Көше, жол, жол жиегі, жаяу жүргіншілер жолы туралы түсінік беру. Көшеде өзін ұстай туралы қарапайым білім беру. Қауіпсіздік ережелерін сактауға тәрбиелеу.	2	
2	Тақырыбы: Бағдаршам бізде қонақта Мақсаты: Бағдаршам түстерімен, атқаратын қызметімен таныстыру. Қай түс қандай белгі беретіндігі туралы түнігін жетілдіру. Қауіпсіздік ережелерін сактауға тәрбиелеу	2	
3	Тақырыбы: Отпен ойнама Мақсаты: Оттың тілсіз жау екенін ұқтыру. Отпен ойнамау керектігін түсіндіру. Әрттің табигатқа, адамдарға әкелетін зардабын түсіндіру. Қауіпсіздік ережелерін сактауға тәрбиелеу.	2	
4	Тақырыбы: Бақта және бақшада өсетін дәрумендер Мақсаты: Дәрумен сөзінің мағнасын түсіндіру. Жеміс-жидектер туралы түсініктерін көнектізу.	2	
5	Тақырыбы: Улы өсімдіктер Мақсаты: Улы жемістер, саңырауқұлак түрлерімен таныстыру. Оларды түріне қарап ажыратада білуге үйрету. Қауіпсіздік ережелерін сактауға тәрбиелеу	2	
6	Тақырыбы: Витамин және дәрі Мақсаты: Витаминдердің пайдасы туралы түсінік беру. Дәріні үлкендердің рұқсатынсыз ішуге болмайтынын түсіндіру. Қауіпсіздік ережелерін сактауға тәрбиелеу.	2	
7	Тақырыбы: Жол көмекшілері Мақсаты: Жол көмекшісі бағдаршам туралы білімдерін көнектізу. Көшеде өзін ұстай туралы қарапайым білім беру. Қауіпсіздік ережелерін сактауға тәрбиелеу.	2	
8	Тақырыбы: Сірінкемен, оттықпен ойнама-бұл өтреке әкеледі. Мақсаты: Қауіпсіздік ережелерін сактауға тәрбиелеу.	2	
9	Тақырыбы: Абай бол мұз сұнгілері! Мақсаты: Үй және басқа да ғимарат жаңына жақын журмеу керектігін, мұз сұнгілері немесе үйдің төбесіндегі қардың түсу қаупі туралы түсіндіру. Қауіпсіздікті сактауға үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	2	
10	Тақырыбы: Бейтаныс адамдар Мақсаты: Бейтаныс адамдармен сойлесуге болмайтындығын және оларды үйге кіргізбеу керектігін, олармен ілесіп кетпеу керектігін түсіндіру. Бейтаныс адамды байқаса қандай әрекет жасауға болатындығын үйрету. Сактыққа, сабырлы болуға тәрбиелеу.	2	
11	Тақырыбы: Көлік ішінде Мақсаты: Көліктегі әр адамның ешкімге кедергі жасамай, тәртіп сактауы тиіс екендігін түсіндіру. Көлік түрлері туралы түсініктерін көнектізу. Көшеде жүрудің қарапайым ережесін сактауға дағдыландыру. Балалардың ой киялын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	2	
12	Тақырыбы: Электр пешін токқа қоспа Мақсаты: Электр құралдарынан алыс жүруді дағдылауда айналдыру. Тұрмыста қолданатын кейбір заттарды ересек адамдардың катысусымен ғана қолдану керектігін түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін сактау туралы білімдерін көнектізу.	2	

	Ұқыптылыққа тәрбиелеу.		
13	<p>Такырыбы: Біз жолаушымыз</p> <p>Мақсаты: Көлік пен жолаушының байланысы туралы түсінік беру. Қоғамдық көлік ішінде қауіпсіздік сақтау ережесімен және жолаушылардың міндеттерімен таныстыра отырып, қоғамдық жерлерде, балабақшада, транспортта қауіпсіздік ережелерін үнемі сактауға дағыландыру.</p> <p>Сақтыққа, тәртіптілікке тәрбиелеу.</p>	2	
14	<p>Такырыбы: Қай жерде ойнауға болады</p> <p>Мақсаты: Өз үйінен алысқа ұзап кетудің қауіпті екендігін түсіндіру. Арнайы ойын алаңында ойнау керектігін айта отырып, онда өзін ұстаудың ережесімен таныстыру.</p>	2	
15	<p>Такырыбы: Көліктің адам өміріндегі пайдасы</p> <p>Мақсаты: Көлік түрлерінің адам өміріндегі пайдасы туралы түсінік беру. Ұакыттың ұтымдылығы туралы айту.</p> <p>Балалардың ой қиялын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>	2	
16	<p>Такырыбы: Бола ма, әлде болмай ма?</p> <p>Мақсаты: Балаларды жануарлармен қарым - қатынас жасағанда қауіпсіздік ережелерінің қарапайым түрлерін сақтай білуге үйрету. Қауіпсіздік ережесін сактауға үйрету.</p> <p>Ұқыптылыққа, сақтыққа тәрбиелеу.</p>	2	
17	<p>Такырыбы: Жол белгілерінің қызметі, пайдасы</p> <p>Мақсаты: Жаяу жүргіншілер мен жүргізушіге арналған ережелер туралы түсінік беру. Жол белгілерінің қызметімен таныстыру. Қауіпсіздік ережелерін сактауға тәрбиелеу.</p>	2	
18	<p>Такырыбы: Ушкір заттардан абай бол.</p> <p>Мақсаты: Ересектердің рұқсатынсыз үшкір заттарды алмау керектігін түсіндіру. «Өмірге қауіпті» сөзінің мағынасын түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін сактау туралы білімдерін кеңейту.</p>	2	

Ересек Мурат топ.

Өмір қауіпсіздік ережесін сақтау (вариативтік компонент)
ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің № технологиялық картасы

Күні, айы, жылы 3. 09. 2019.

Тақырыбы: Көшемен танысамыз

Мақсаты: Көше, жол, жол жиегі, жаяу жүргіншілер жолы туралы түсінік беру. Көшеде өзін ұстау туралы қарапайым білім беру. Қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу.

Көрnekіліктер: Суреттер

Билингвальды компонент: көше-улица

	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-көзгаушылық	<p>Шаттық шенбері</p> <p>Көл алысып, кәне, біз, Достасайық бәріміз. Айтарым бар сендерге, Тез тұрындар шенберге. Қандай жақсы бір тұру, Достарменен бір жұру! Қандай жақсы дос болу!</p>	Балалар өлең жолдарын айтады
Ұйымдастырушылық-ізденистік	<p>Жол заңы дұрыс жүріп , абай болуды талап етеді. Жол тәртібін бұзба , ол қатер тудырады. Жолдың қалыпты қозғалысы көбінесе балалардың жол бойында қалай болса солай жүріп, доп қуалайтыны , шаңғы табетіні, жүріп бара жатқан машинаға жабысатыны ,қалтарыстан жолға шығып келетін салдарынан бұзылады. Тәртіпті бала көшеде, жолда жұру ережесін, заңын бұзбайды.</p> <p>Суретпен жұмыс</p> <p>Жаяу жүргіншілер кай жермен жұру керек? Жолдың қай жағымен жүргені дұрыс Дұрыс айтасындар, жолдың оң жағымен жүрсендер басқа жүргіншілерге кедергі жасамайсындар. Жүргіншілер көшениң қай жерінен қыып өте алады?</p> <p>Сергіту сәті</p> <p>«Машина: бип!, бип! - дейді, Жолдан былай кет!- дейді» Күшікті басуға, Болмайды машина.</p>	Мұқият тыңдайды.
Рефлексиялық-түзету	<p>Қорытындылау.</p> <ul style="list-style-type: none"> -Балалар біз не білдік? - Балалар көшеде жұру ережесін білу бізге не үшін керек? - Жиекжол деген не? - Жаяуға қай жермен жүруге болмайды? - Көшеде жұру тәртібін кім баскарады? - Бағдаршам туралы не білесіндер? 	<p>Жаяу жүргіншілер өтетін жол.</p> <p>Қимылдар жасайды</p> <p>Балалардың жауаптары</p>

Күтілетін нәтиже: Қауіпсіздік ережелерін сақтайды. Жолда жұру ережелерін біледі.

Толтырған тәрбиешінің аты-жөні: _____

Ересек Мұзарым топ.
Өмір қауіпсіздік ережесін сақтау (вариативтік компонент)
ұйымдастырылған оку іс-әрекетінің № технологиялық картасы

Күні, айы, жылы 10. 09. 2019

Тақырыбы: Бағдаршам бізде конакта

Мақсаты: Бағдаршам түстерімен, атқаратын қызметімен таныстыру. Қай түс қандай белгі беретіндігі туралы түнігін жетілдіру. Қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу

Көрнекіліктер: Суреттер

Билингвальды компонент: бағдаршам-светафор

	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-көзгаштышылық	<p>Шаттық шенбері Мына сұлу әлемде, Адам өмір сүреді. Үлкен менен кішіге, Күн сәулесін төгеді. – Күнге қол бұлғайық! Эрбір адам күннің көзіне қарап қуанады. Ол бізді өзінің нұрымен жылтытады, біздің тезірек өсуімізге көмектеседі.</p>	<p>Балалар өлең жолдарын айтады Күнге қарай қол бұлғайды.</p>
Ұйымдастырушылық-іздемістік	<p>Жұмбак жасыру Қызыл көзім тұр дейді Сары көзім дайындал дейді Жасыл көзім зула дейді Бұл не? Бағдаршам қонаққа келеді. Менмін бағдаршам Кезек - кезек жаңған шам Менмін бағдаршам Жөн сілтейтін бағдар шам Жөндеп кара ал маған Ей, жолаушы зула аман Көшеменмен тындаған Бұрылышта жалма жан Жөндеп кара ал маған Бағдаршам бізге жол қызылстарынан өтуге көмектеседі. Жаяу жүрушілерді жол апатынан сақтайды. Жолдан өтерде өте мұқият болу керек. Жолдан жүгіріп өтуге болмайды. Бағдаршамның үш көзі - үш түрлі. Бағдаршам бар қызылста адамдар өтетін ақ жолақтар болады. Бағдаршамның қызыл көзі жаңғанда көліктер токтайды, ал адамдар жаяу жүрушілер ақ жолақтармен өтеді.- Ал, ортадағы сары көзі жанса, көліктер дайындалады.- Ал жасыл көзі жанса, жол ашылады, көліктер жүреді. Бағдаршамның үш көзі жаяу жүргіншілерге және көлік пен жүруге де өте қолайлы, адам өміріне орасан зор. Олай болса, көшеден өткенде арнайы ақ жолақтардан өту керек. Жол қызылсында аса абай бол, көшелерде, жолдарда доп ойнауга, шанамен сырғанап ойнауға, болмайды.</p> <p>Сергіту сәті Қызыл көзі жаңғанда, Сынық сүйем бас па алға, Сары көзін ашқанда, Қарап қалма аспанға, Жасыл көзін ашқанда, Өте бергін жасқан ба?</p>	<p>Бағдаршам</p> <p>Бағдаршамды тындейдь.</p> <p>Педагогты мұқияттындаиды.</p> <p>Кімілдар жасайды.</p>
Рефлексиялық-түзету	<p>Қорытындылау. -Балалар біз не білдік?</p> <p>Ойын: Бағдаршам</p> <p>Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілетін дамыту. - Шарты: Балалар қызыл түсті дөнгелекті көрсеткенде тыныштық сақтайды, ал сары түсті дөнгелекті көрсеткенде алакандарын соғады, ал жасыл түсті дөнгелекті көрсеткенде жүреді.</p>	<p>Балалардың жауаптары</p> <p>Балалар ойынға қызығушылық танытады.</p>

Күтілетін нәтиже: Қауіпсіздік ережелерін сақтайды. Бағдаршамның қызметін біледі.

Толтырған тәрбиешінің аты-жөні:

Ересек Мұзарым топ.
 Өмір қауіпсіздік ережесін сақтау (вариативтік компонент)
 ұйымдастырылған оку іс-әрекетінің № технологиялық картасы

Күні, айы, жылы 17. 09. 2019

Такырыбы: Отпен ойнама

Мақсаты: Оттың тілсіз жау екенін ұқтыру. Отпен ойнамау керектігін түсіндіру. Өрттің табиғатқа, адамдарға әкелетін зардабын түсіндіру. Қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Суреттер

Билингвальды компонент: от-огонь

	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-көзғауыштылық	<p>Шаттық шенбері</p> <p>От жақпа, күйерсін, Әртеніп жүрерсін. Сіріңкені ұстасаң, Бәлеге сен түсерсін. Оттың ісі қуырмак, Желдің ісі суырмак. Қазір жанған жалынды, Алып – ұшып куаламак.</p>	Балалар өлең жолдарын айтады
Ұйымдастыруштылық-ізденістік	<p>Кіріспе әңгіме</p> <p>От өмірімізге қуат беріп, бойымызды жылытады. От – өмір сәні. Отсыз тіршілік жоқ. От жағылмаса, тамағымыз да піспейді. Ал тамақ ішпесек, бойымызға қуат бітпейді. Отсыз тоңып, жаураған адам ешкандай енбек те істей алмай қалады. Сонымен от – өміріміз десек те, оның әлемі жайланаған алапаттың бірі – өрт каупін шығаратынын да естен шығармаганымыз жөн сияқты. Өзіміздің ұқыпсыздығымыздан немесе сауатсыздығымыздан кейде ерттің калай күш алып кеткенін де байқамай калып жатамыз. Өрт жаңадан басталғанда сумен өшіреді. Кей кезде құмменде өшіреді. Ал адамның киімі өртенсе, суға түскені дұрыс. Су жоқ болса топыракқа ауынап өшіреді. Егер қасында адам болса матамен орап отты тұншықтырып өшіреді. Газ плитасы тұрған бөлмені жіі – жіі желдету керек. Егер газдің құлімсі иісі сезілсе сірінке жағуға да, электр жүйесінде қосуға болмайды.</p> <p>Сергіту сәті</p> <p>Оңға, оңға тұзу тұр, Солға, солға тұзу тұр. Артқа карай бір адым Алдыға карай бір адым Жоғары төмен қарайық Орнымызды табайық.</p>	<p>Педагогты мұқият тындаиды. Өз ойларын айтады.</p> <p>Өлең мазмұнына сай қимылдар жасайды.</p>
Рефлексиялық-түзету	<p>Мақалдар: От басына өрт салма Ойын түбі – от</p> <p>От жақпа пісерсін, Ор казба түсерсін.</p>	Балалар мақалдарды қайталайды. Отпен ойнау адам өміріне қауіпті екенін айтады.

Күтілетін нәтиже: Қауіпсіздік ережелерін сактайды. Отпен ойнау қауіпті екенін біледі.

Толтырған тәрбиешінің аты-жөні: _____

Ересек Мұзарым топ.
Өмір қауіпсіздік ережесін сақтау (вариативтік компонент)
ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің № технологиялық картасы

Күні, айы, жылы 24. 09. 2019

Тақырыбы: Бақта және бақшада өсетін дәрумендер

Мақсаты: Дәрумен сөзінің мағнасын түсіндіру. Жеміс-жидектер туралы түсініктерін кенейту.

Көрнекіліктер: Суреттер, жемістер

Билингвальды компонент: дәрумен-витамин, жеміс-фрукт, көкөніс-овош

	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-козғаушылық	<p>Шаттық шенбері Куан! Шаттан! Алакай! Қаунатын келді күн! Қайырлы таң, қайырлы күн Құліп шықты күн де бүгін -Балалар, қазір жылдың кай мезгілі? -Күз мезігілінің ерекшелігі қандай? Күзде табиғат ерекше күйге енеді. Жапырақтар сары, қызыл, жасыл болса, аплұқтағы шөптер қоңыр, сарғыш түске боялады, құстар жылы жаққа ұшып кетеді. Күн біртіндеп қыскарады. жауын-шашын көбейеді, күн сұтынады. Күзде жеміс-жидектер, көкөністер, бақша дақылдары, егістіктегі астық пісіп, қамбаларға жиналады.</p>	<p>Балалар өлең жолдарын айтады</p> <p>Күз мезгілі Күн салқындаиды, жаңбыр жауады. Жеміс-жидектер піседі.</p>
Ұйымдастырушылық-ізденістік	<p>Kіріспе әңгіме Жеміс – жидектерде де, көкөністер де дәрумендерге, шипалық қасиетке, азық-түліктік құндылықтарға өте бай. Шіріген жері бар жемісті жемеу. Жеміс – жидектерді шикі күйінде, әрі қабығымен жеу керек. Өйткені, ішкі бөлігіне қарағанда, қабығындағы дәрумен бірнеше есеге көп. Жемістін дәрумендерін сактап калу үшін оны тот баспайтын пышакпен кеседі. Егерде киярда сары дақтар көп болса, оны пайдаланбайды. -Балалар қандай жемістерді білесіндер? Көкөністерді атаңдар? Көкөністер – бағалы тағам. Олардың тағамдық мәні бойындағы өте сіңімді заттардың, ішінара көмір сулардың болуына байланысты. Көкөністерде адам орнанизміне қажетті дәрумендер мен минералды тұздар, сондай-ақ белоктар, әр түрлі органикалық қышқылдар, эфир майы мол. Мысалы, картоп – крахмалға, ал қызылша – қантқа бай; қырыққабатта С дәрумені, ал сәбізде – организмде А дәрумені түзілетін – каротин (А продәрумені көп); рауғашта органикалық қышқылдар басым; көп бүршак белоктарға, аскөк – хош істі заттарға бай. Көкөністер мәдени өсімдікке жатады. Біріншіден, дәрумен береді, екінші тамақ ретінде, үшіншіден дастархан көркі ретінде пайдаланылады. Жеміс, көкөністі жуып жеу керек.</p> <p>Ойын: Дәмінен тап</p> <p>Сергіту сәті</p> <p>Алма баққа барайық Алма теріп алайық Ең үлкенін дәмдісін А纳мызға сыйлайық</p>	<p>Жемістер туралы әңгімелейді.</p> <p>Алма, алмұрт, өрік. Қияр, қызанақ, пияз, картоп, бұрыш, қырыққабат, қызылша.</p> <p>Көкөністердің пайдаласы туралы айтады.</p> <p>Дәміне қарай жемістерді ажыратады.</p> <p>Кімбылдар жасайды.</p>
Рефлексиялық-түзету	<p>Қорытындылау. Суретке қарап жемістер мен көкөністерді ажырату. Олардың түсін, пішінін ажырату.</p>	<p>Балалардың жауаптары</p>

Күтілетін нәтиже: Жемістер мен көкөністерді жуып жейді. Олардың адам ағзасына пайдаласын біледі.

Толтырған тәрбиешінің аты-жөні: _____

Ересек Мұзарт топ. Өмір қауіпсіздік ережесін сактау вариативтік компоненттің ұйымдастырылған оку
іс-әрекетінің № 5 технологиялық картасы

Күні, айы, жылы 1. 10. 2019

Такырыбы: Улы өсімдіктер

Максаты: Улы жемістер, санырауқұлак түрлерімен таныстыру. Оларды түріне қарап ажыратада білуге үйрету. Қауіпсіздік ережелерін сактауға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Суреттер

Билингвальды компонент: улы өсімдіктер-ядовитые растения

Мотивациялық-козгаудылық	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Үйимдастыруштылық-ізденистік	<p>Шаттық шенбері</p> <p>Күніміз жарқын болсын! Аспанымыз ашық болсын! Күніміз сәтті болсын! Деніміз сау болсын!</p> <p>Санырауқұлақтың улы түрі болатындығын біреу білсе, екіншісі біле бермейді. Жеуге жарамдысы мен улысын айыру өте қын (түсі, ісі арқылы ажырату да дұрыс емес). Санырауқұлақтың қыр-сырын билетін адам болмаса, үш кез келгеннің қолынан келмейді.. Білесіз бе, тіпті жеуге жарамды деген санырауқұлақтың өзінен уланып қалуға болады. Сол себепті, санырауқұлаққа келгенде өте абай болыңыз. Дарада өсіп тұрған санырауқұлақты немесе басқа да жидектерді алғып, ауызға салуға болмайды, ол улы болуы мүмкін.</p> <p>Жеуге жарамды санырауқұлақтар аңы дәмсіз, зиянды заттарсыз және оларда жағымсыз іс болмайды.</p> <p><u>Алманың</u> дәндөрінде де шие мен бадан дәндөрін жеуге болмайды, онда улы зат бар. Егер сіз байқаусызда 2-3 сүйекті жұтып койсаныз, саспаныз. Ағзаның мұндай мөлшерлі цианидлен күресуге шамасы жетеді.</p> <p>Кояншөп – жемісі нағыз у болып келетін көкеніс. Үшлай дейтініміз көкеністің пайдалы жағы тек жапырактары, тамыры, сабағы екен. Кояншөптің жапырағы ертеден бері дәрілік құрал ретінде пайдаланылып келеді. Ал оның диаметрі 6-10 мм болып келетін жемістерін жеуге тыйым салынған.</p> <p><u>Шиенің</u> және өріктің, шабдалының, кара өріктің сүйектерінде цианид бар.</p> <p>Сарғалдақ та кеңінен таралған улы өсімдіктердің бірі. Үш гүл бөлөтін токсин бөртпе ауруының пайда болуына әкеледі, ал оны тағамға косса дene ағзалары мен жүйке жүйесі уланып, қайғылы нәтижеге алғып келуі мүмкін.</p> <p>Жеміс – жидектерде де, көкеністер де дәрумендерге, шипалық қасиетке, азық-тұлғытқы күндылықтарға өте бай.</p> <p>Жеміс, көкеністі жуып жеу керек.</p> <p>Сергіту сәтін откізу</p> <p>Пісіп тұрған төрт алмұрт, Қызығатын көрген жұрт. Екі алмұртты бұттақтан Алып жеді Мұратқан Қанша қалды алмұрттан.</p>	<p>Балалар өлең жолдарын айтады</p> <p>Балалар педагогты тыңдайды</p> <p>Өз ойларын айтады</p> <p>Кимылдар жасайды.</p>
Рефлексиялық-түзету	<p>Қорытындылау.</p> <p>Өсімдік әлемін сакта! Тиімді пайдалан! Улы өсімдікten сактан!</p>	Балалар қайталап айтады.

Күтілетін нәтиже: Улы өсімдіктерді теріп алғып, ауызға салмауды мәнгереді. Жеміс-жидектерді жуып жейді.

Толтырған тәрбиешінің аты-жөні: _____

Ересек Мұзарт топ. Өмір қауіпсіздік ережесін сактау вариативтік компоненттің ұйымдастырылған оқыіс-әрекетінің № 6 технологиялық картасы

Күні, айы, жылы 8. 10. 2019

Тақырыбы: Витамин және дәрі

Максаты: Витаминдердің пайdasы туралы түсінік беру. Дәріні үлкендердің рұксатының ішүге болмайтынын түсіндіру.

Қауіпсіздік ережелерін сактауға тәрбиелеу.

Көрnekіліктер: Суреттер

Билингвальды компонент: витамин-дәрумен, дәрі-лекарства

	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-козгаушылық	<p>Шаттық шенбері</p> <p>Жарқырап күнде ашылды, Айналаға гүл шашылды Қайырлы күн! Біз нәзік қыздармыз! Қайырлы күн! Біз ержүрек ұлдармыз!</p>	Балалар өлең жолдарын айтады
Ұйымдастыруштылық-ізденистік	<p>Әңгімелесу</p> <p>-Балалар сендер витамин жегенді жақсы көресіндер ме?</p> <p>-Аналарың сендерге витаминдер сатып әпере ме?</p> <p>-Витаминнің қандай пайдасы бар?</p> <p>-Витаминдер неде кездеседі?</p> <p>Витаминдер – ерекше органикалық заттар. Адам олардың өте аз мөлшерін ғана пайдаланады. Бірақ витаминсіз біздің организміздегі мүшелердің қалыпты жұмыс істеуі мүмкін емес. Витаминдер организмнің тіршілік кабілеті үшін қажетті зат, ол адамның дене және ой еңбегін арттырады, онын өсуі мен дамуын, ауруға карсы тұруын камтамасыз етеді. Тағам құрамында витаминдер жеткіліксіз болса, организмнің жұмысы нашарлап, катты ауруға шалдығады. Витаминдер өсімдік пен жануар өнімдерінен алынатын азық – тұліктерде болады. Адам әр түрлі тағам ішүе арқылы өзіне қажетті витаминде алып отырады. Біздің дәрі – дәрмек шығаратын ондірістеріміз тәтті кабықпен қапталған дайын витаминдер жасайды. Бірақ витаминдерді ауру және сау адамдардың дәрігердің рұксатының өз бетімен ішүге болмайды. Витаминде дұрыс пайдаланбай, мөлшерден көп пайдаланса, әр түрлі ауруларға ұшырап, денсаулыққа зиян келтіруі мүмкін.</p> <p>Витаминдерді А, В, С, Д жәнет.б. әріптерімен белгілейді.</p> <p>Сергіту сәті</p> <p>Нан қоқымын шашпандар</p> <p>Жерде жатса баспандар</p> <p>Теріп алып кастерлеп</p> <p>Торғайларға тастандар.</p>	<p>Балалар сұраптарға жауап береді.</p> <p>Тәрбиешіні тыңдайды. Өз ойларын айтады.</p> <p>Қимылдар жасайды</p>
Рефлексиялық-түзету	<p>Қорытындылау.</p> <p>Дені сау, білімді адам үлкен биқтерді бағындырады.</p> <p>Дәрі - дертке дау, жанға шипа</p>	

Күтілетін нәтиже: Витаминдердің ағзага пайдасы көп екенін біледі. Витаминде дұрыс пайдалануды менгерді.

Толтырган тәрбиешінің аты-жөні: _____

Ересек Мұзарт топ. Өмір қауіпсіздік ережесін сактау вариативтік компоненттің ұйымдастырылған оку
іс-әрекетінің № 7 технологиялық картасы

Күні, айы, жылы 15. 10. 2019

Такырыбы: Жол көмекшілері

Мақсаты: Жол көмекшісі бағдаршам туралы білімдерін кеңейті. Көшеде өзін ұстай туралы қарапайым білім беру. Қауіпсіздік ережелерін сактауға тәрбиелеу.

Көрnekілктер: Суреттер

Билингвальды компонент: бағдаршам-светофор

	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-көзғашылық	<p>Шаттық шенбері</p> <p>– Балалар, бүгін біз бірінші рет шаттық шенберіне жиналады! Шенберге түрайық, достарымызben кол ұстасайық! Барлығымыз жаксы көніл-күйде бір-бірімізге тілегімізді айтайық! Бір-бірімізге қарап құлқімізді сыйлайық!</p> <p>Қол алсып, кәне, біз, Достасайық бәріміз. Айтарым бар сендерге, Тез тұрындар шенберге. Қандай жаксы бір тұру, Достарменен бір жұру! Қандай жаксы дос болу!</p>	<p>Балалар шенбер бойына жиналады. Бір-біріне қарап күлімсірейді. Балалар өлең жолдарын айтады</p>
Ұйымдастыруыштық-іздештік	<p>Әңгімелесу</p> <ul style="list-style-type: none"> - Көшенің көлік жүретін бөлігінде ешқашан ойнамаңдар. - Жүріп келе жатқан көлікте әрқашан ұстасыштардан ұстап тұрындар. - Женіл көліктегі артқы орындықта отырындар, қауіпсіздік белдігін пайдаланындар және есік жабық екеніне көздерінді жеткізіндер. - Велосипед, роликті коньки, скейтборд тепкенде аса ұқыпты және сак болындар. - Көшеде бағдаршамның тек жасыл түсі жаңғандаған өтіндер. - Көшеден өттерде алдымен солға қара, ал бөлгіш сызығынан кейін онға карандар. - Егер жолдан өтуге үлгермесен, бөлгіш сызығында токта да, бағдаршамның жасыл түсі жануын күт. - Жүріп келе жатқан көлік алдынан жүгіріп өтпе. - Егер жаяу жүргіншіге арналған жол болмаса, жол шетімен көлік козғалысына қарсы жүр. <p>Бағдаршам – әмірімізді жазынан сактандыратын көмекшіміз. Оның сырын біліп, тілін алу баraphamyza керек. Оның беретін сиқырлы әмір сездері бар. Мениң үш көзім бар. Бір көзім «кідір» дейді, Бір көзім «жүгір» дейді. Бір көзім «абайла» дейді, Қарал қалма манайға дейді. Иә, кай ақыл өлшеміне салсаныз да, Жолда жүру ережесі - занда тәртіп. Ол ортақ үлкен-кіші, баraphamyza! Сергіту сәті Ормандағы аюдын, Күлпінайы көп екен. Теріп-теріп алайық, Қалтамызға салайық.</p>	<p>Балалар тәрбиешіні тындаиды. Жол бойында жүру тәртібі жайлы әңгімелейді.</p> <p>Бағдаршамның қызметі жайлы айтады.</p> <p>Балалар өлең жолдарын тәрбиешімен бірге қайталайды.</p> <p>Кимылдар жасайды.</p>
Рефлексиялық-түзету	<p>Қорытындылау.</p> <p>- Жиек жол дегеніміз не? – Адамдар жаяу жүретін көше жиегіндегі тар жол. -Жаяуга кай жермен жүруге болмайды? – Көлік жүретін көшеннің ортасымен жүруге рұқсат етілмейді.</p> <p>- Мына белгі нені білдіреді? – Абайла! Балалар!</p> <p>- Қала көшелерінде канша жасқа дейін велосипедпен жүруге болмайды? – Тек 14 жастан кейін ғана рұқсат етіледі.</p> <p>- Автобусқа кай есіктен кіріп, кай есіктен түседі? – Артқы есіктен мініп, алдыңғы есіктен түсу керек.</p>	<p>Балалардың жауаптары</p>

Күтілетін нәтиже: Жол тәртібін сактай біледі. Бағдаршамның қызметін біледі.

Толтырган тәрбиешінің аты-жөні: _____

Ересек Мұзарт топ. Өмір қауіпсіздік ережесін сактау вариативтік компоненттің үйімдастырылған оку
іс-әрекетінің № 8 технологиялық картасы

Күні, айы, жылы 22. 10. 2019

Такырыбы: Сірінкемен, оттықпен ойнама-бұл өтрке әкеледі.

Мақсаты: Қауіпсіздік ережелерін сактауға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Суреттер

Билингвальды компонент: өрт-пожар, от-огонь

	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-козгалиштык	<p>Шаттық шеңбері Сүйеміз барлық әлемді, Әлемдегі бар елді. Бақыттымыз осы біз Қасымызды досымыз!</p>	Балалар өлең жолдарын айтады
Үйімдастыруштык-іздештік	<p>Суретпен жұмыс «Отпен ойнама, қуйесің» дегендей оттың зиянды жактарына тоқталсаң; Оттың зиянды жактары: отты дұрыс пайдаланбаса, адам қүйіп қалады. Әртengen дала. Құйген ас. « Өрт –тілсіз жау» Сірінке, темекі, үтік, газ суреттеріне не айта аласындар? (сурет көрсетіледі) Өрттің шығу себептері: Шылымның тұқылын сөндірмей тастаса, шырпымен ойнаса, үтікті қосып кетіп калса, газды ашық калдырып кетсе өрт шығады.</p> <p>Өрт жаңадан басталғанда сумен өшіреді. Кей кезде құммен де өшіреді. Ал адамның күімі өртенсе, суға түскені дұрыс. Су жок болса топыракқа ауынап өшіреді. Егер қасында адам болса матамен орап отты тұншықтырып өшіреді. Газ плитасы тұрған бөлмені жиі – жиі желдету керек. Егер газдің күлімсі иісі сезілсе сірінке жағуға да, электр жүйесінде косуға болмайды.</p> <p>От жакпа күйерсін, Өртеніп жүрерсін. Сірінкені ұстасаң, Бәлеге сен түсерсін.</p>	<p>Балалар суретке карап әнгімелейді.</p> <p>Балалар тәрбиешіні тыңдайды.</p> <p>Балалар өлең жолдарын айтады.</p>
Рефлексиялық-түзету	<p>Корытындылау.</p> <p>Сірінкемен, оттықпен ойнама – бұл өртке әкеледі; пәтерде өрт шықкан жағдайда еденге жатып шығатын жаққа карай енбектеу керектігін біл, демалғанда тек дым шүберек арқылы дем алу керек; газ плитага жақын барма; газ плита жұмыс істеп тұрғанда ас үйде жалғыз болма; розеткаға жақында ма, оған қандайда бір затты тығуға тырыспа – онда жоғары кернеу;</p> <p>кішкентай балаларға балконға шығуға болмайды;</p> <p>Алындар ұғып, балалар, Істері кейде шалалар. Шырпы, оттық, электрge Шама келсе жоламандар.</p>	Балалар өз ойларын айтады, тәрбиешіні тыңдайды.

Күтілетін нәтиже: Сірінке мен оттықпен ойнауга болмайтынды ұгады. Өрттен сактану керектігін менгереді. Қауіпсіздікті сактайды.

Толтырған тәрбиешінің аты-жөні: _____

Ересек Шүзары топ.

Өмір қауіпсіздік ережесін сақтау (вариативтік компонент)
ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің № 9 технологиялық картасы

Күні, айы, жылы 29. 10. 2019

Тақырыбы: Абай бол мұз сұнгілер!

Мақсаты: Үй және басқа да ғимарат жаңына жақын жүрмеу керектігін, мұз сұнгілері немесе үйдің төбесіндегі қардың тұсу қаупі туралы түсіндіру. Қауіпсіздікті сақтауға үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелу.

Көрnekіліктер: суреттер

Билингвальды компонент: мұз сұнгілері-сосулки

	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-козгаушылық	<p>Шаттық шенбері Жарқырап күн де ашылды, Айналаға нұр шашылды! Қайырлы күн! Біз көнілді баламыз. Қайырлы күн! Сәлемдесіп аламыз.</p> <p>Жұмбак жасыру Отта жанбайды Суда батпайды. (Мұз)</p>	<p>Балалар өлең жолдарын айтады</p> <p>Балалар жұмбақтың шешуін табады.</p>
Ұйымдастырушылық-ізденістік	<p>Сұнгілері бар ғимараттардың жаңынан жақын жүрмендер. Үйлердің шатырларындағы ағын, катып қалған мұздың алғашқы тамшылары бар. Біраздан соң шатырлардың, балкондардың, кіреберістердің қалқандарына жауған кар аязben мұз болып қатып сұнгіге айналады, сұнгілер күн сәулеінің жылуынан еріп, құлай бастайды. Бұл - адам өміріне өте қауіпті, әсіреле балалар үшін. Ғимараттың шатырынан кулаган сұнгілер әрлі-берлі өтіп жатқан адамдарды жарақаттауы мүмкін, ал кейде өкінішке орай, оның соны кайғылы жағдайларға әкеліп жатады. Сұнгілердің салмағынан электр сымдары үзіліп, ғимараттар мен құрылыстардың құрылымын сындыруы да әбден мүмкін. Сактанып жүріндер, және де мүмкіндігінше ғимараттардың қабыргасына жақындаマンдар. Егер жүргінші жолы бойымен келе жатқанда тәбе жақтан күдікті дыбыс естісөніздер, тоқтап, басынызды көтеріп не болғанын қарап тұруға болмайды. Бұл қардың немесе мұздың қопарылып түсүі болуы мүмкін. Ғимараттан кашуға да болмайды, керінше қабыргаға дереу жабысып тұру кажет, өйткені тәбенің күнқағары қорғаныш болады. Жүргінші жолындағы коршалған участекелерге үнемі көніл бөлініздер және де еш жағдайда қауіпті аймакка кірменіздер. Өте сақ және абай болыңыздар! Автокөліктерді үйдін маңында қалтырмау керек.</p>	<p>Мұқият тындаиды.</p> <p>Балалар өз ойларын айтады.</p> <p>Балалардың пікірлері тындалады.</p>
Рефлексиялық-түзету	<p>"Мұз сұнгілер" ойынын ойнату</p> <p>Мұз сұнгілер қалай пайда болады?</p> <p>Су тамшысы қалай тамшылады: тырс – тырс - тырс (енкею).</p> <p>Шатырда мұз сұнгісі пайда бола бастады: қол жоғары көтерілген: тырс - тырс-тырс (енкею).</p> <p>Міне, мұз сұнгісі пайда болды (колды ақырын төмен түсіру).</p> <p>Кімнің мұз сұнгісі қандай? (колдарымен көрсету).</p> <p>Өмір қауіпсіздігін сақта, есіне сақта!</p> <p>Қыста үйдің қабыргасына жақын жүруге болмайды!</p> <p>Неге?</p> <p>Шатырда мұз сұнгілері бар, ол мұз сұнгілері өмірге өте қауіпті!</p> <p>Қалай жүру керек?</p> <p>Шатырдан алыс, алыс!</p>	<p>Балалар ойынға белсінділік танытады.</p> <p>Қимылдар жасайды.</p> <p>Балалардың жауаптары тындалады.</p>

Күтілетін нәтиже: Шатырда қыста, көктемде мұз сұнгілері болады және олар адам өміріне қауіпті екенін біледі. Қыста үйдің қабыргасына жақын жүруге болмайтынды менгереді.

Толтырған тәрбиешінің аты-жөні:

Ересек Мұзарт топ.
Өмір қауіпсіздік ережесін сақтау (вариативтік компонент)
ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің № 10 технологиялық картасы

Күні, айы, жылы

5. 11. 2019

Тақырыбы: Бейтаныс адамдар

Мақсаты: Бейтаныс адамдармен сөйлесуге болмайтындығын және оларды үйге кіргізбей керектігін, олармен ілесіп кетпеу керектігін түсіндіру. Бейтаныс адамды байқаса қандай әрекет жасауға болатындығын үрету. Сақтыққа, сабырлы болуға тәрбиелу.

Көрнекіліктер: суреттер. Билингвальды компонент: бейтаныс адам-незнокомец

	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-козгаушылық	<p>Шаттық шенбері Қайырлы күн, балалар! Шенбер болып тұрайық жылы жүзбен, Бізге келсін куаныш нұр іздеген, Шуақ толған жаңымыз, жүргегіміз Улғі алсын көрген жан мына бізден Сендердей ақылды, мейірімді, білімге құштар балаларды көргеніме мен бүгін ете куаныштымын. Ендеше, сендерде сондай куанышты жүзбен бір - бірлеріне күлімсірей қарап, бас иіп амандасадайық.</p>	<p>Балалар өлең жолдарын айтады.</p> <p>Балалар бір-біріне қарап күлімсірейді.</p>
Ұйымдастырушылық-ізденистік	<ul style="list-style-type: none"> - Бейтаныс адамдармен сөйлеспе және оларды үйге кіргізбе. - Олармен лифтіге және кіре беріске кірме. - Бейтаныс адамның көлігіне отырма. -Әсіреле қаранды тұскеннен кейін көшеде көп журме, <p>Ал егер бейтаныс адам жайғана керекті көшени көрсетуді немесе қолдарбаны көтерісуді, дүкенге шығарып салуды өтінсе Бәрібір ЖОҚ – деп айт! Көшени қалай табуды түсіндір, шығарып салуға еш жағдайда келіспе. Егер тіпті бейтаныс адам сенің ата-анаңың танысы екенін, оны саған олар жібергенін айтса да, ата-анаңың ескертпегенін айтып, ешқандай жағдайда ешқайда шығарып салма.</p> <ul style="list-style-type: none"> -Егер сені конакқа шақырса немесе үйге дейін шығарып салуға ұсыныс жасаса, ол тіпті көршін болса да. -Егер саған балабақшаға бөгде кісі келіп тұрса, ал ата-анаң бұл жөнінде алдын ала ескертпесе. -Егер ата-анаң жоқта шала таныс адам келсе, оны пәтерге кіргізуге немесе онымен бірге бір жерге баруға. -Егер жаңа танысқан адам сый жасаса. <p>Бөгде адамдармен қажетсіз әңгімелер. Қылмыскерлер көбінесе балалардың анқаулығын пайдаланады. Үйге дейін жеткізіп салуға немесе хайуаннаторды көруге, сүйкіті ойыныңды ойнауга ұсыныс жасайды. Оған еш жағдайда келіспеу керек.</p> <p>Қылмыскердің барлық уақытта қорқынышты болып көрінбейтінін балаға түсіндірініз. Кез-келген маньяқ уақытша мейірімді және сүйкімді адамға айнала алады.</p> <p>Сергіту сәті Сағаттың тіліндей, иіліп онға бір, Сағаттың тіліндей иіліп солға бір. Он аяқ, сол аяқ, жаттығу онай-ақ.</p>	<p>Мұқият тыңдайды.</p> <p>Балалар өз ойларын айтады.</p> <p>Балалардың пікірлері тыңдалады.</p> <p>Кимылдар жасайды.</p>
Рефлексиялық-түзету	<ul style="list-style-type: none"> -Балалар бейтаныс адамдармен сөйлесуге бола ма? Олар кемпіт берсе аласындар ма? <p>Бейтаныс адамдармен сөйлеспе және оларды үйге кіргізбе.Олармен лифтіге және кіре беріске кірме. Бейтаныс адамдармен подъезге немесе лифтке кіруге болмайды. Оданда подъезден шығып, таныс біреу кездескенше күте тұрған жөн. Бейтаныс адаммен сөйлеспе, адамдар жүрген жерге кетіп қал. Бөгде адамның сұрақтарына «жоқ» деп жауап бер, тез ол жерден адамдар шоғырланған жерге кетіп қал.</p> <ul style="list-style-type: none"> -Көлікте, көшеде, подъезде адамдарды көмекке шақыруға ұялма. -Сені ұстап алуға әрекет жасаса, қыны жағдайға кездессен, күшінди аяма, айқайла, қашып кетуге тырыс. 	<p>Балалардың жауаптары тыңдалады.</p>

Күтілетін нәтиже: Бейтаныс адамдармен подъезге немесе лифтіге кірмейді. Бейтаныс адамдармен сөйлесу болмайтынды менгереді. Қауіпсіздік ережелерін сақтайды.

Ересек Мұзарим топ.
Өмір қауіпсіздік ережесін сақтау (вариативтік компонент)
ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің № 11 технологиялық картасы

Күні, айы, жылы 12. 11. 2019

Такырыбы: Көлік ішінде

Мақсаты: Көлікте әр адамның ешкімге кедергі жасамай, тәртіп сақтауы тиіс екендігін түсіндіру. Көлік түрлері туралы түсініктерін кеңейте отырып, көшеде жүрудің қарапайым ережесін сақтауға дағдыландыру. Балалардың ой қиялын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: суреттер

Билингвальды компонент: көлік-транспорт

	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-козгаушылық	<p>Ойын «Көлік түрлері»</p> <p>Ал енді балалар мына ойыншықтарға қарандаршы?</p> <ul style="list-style-type: none"> - Мынау қандай ойыншық? (машина) - Машина қайда жүреді? (жолда, көшеде) - Ол қандай дыбыс шығарады? - Ал, мынау қандай ойыншық? (кеме) - Кеме қайда жүреді? (суда) - Қанекі, қолымызбен көрсетейікші. - Су толқынымен былай-былай жүзеді екен. - Ал, мынау қандай ойыншық? (ұшак) - Ұшак қайда жүреді? (ауда, ауда ұшады) - Екі қанаты аяғы бар екен. - Ол қалай ұшады, қалай дыбыстайды? - Төменин жоғары қарай (ву-ву-ву) - Ал, мынау қандай ойыншық? (пойыз) - Пойыз қайда жүреді? (теміржолда) - Ол қандай дыбыс шығарады? - Бум-бум, бум-бум, шик-шиқ, шик-шик. - Қолмен бәріміз көрсетейік. 	<p>Балалар ойынға белсене қатысады.</p> <p>Сұрақтарға жауап беріп, қимылдар жасайды.</p>
Ұйымдастыруышылық-ізденистік	<p>Жұмбақ жасыру</p> <p>Жапанда бір жолаушы аузын ашып, Аяғын келе жатыр жылдам басып, Жарқырап маңдайында екі көзі, Ілеңде жеткізеді жерге қашық. (автомобиль) -Сендерге қандай көлік түрлері ұнайды? -Қандай көлік түрлерін білесіндер? (суреттермен жұмыс.) -Троллейбуска кім мініп көрді? (суретімен таныстыра кету керек) -Троллейбустың автобустан қандай айырмашылығы бар екен? - Сым жолмен калай жүреді? -Көліктегі жүргізуше көрсетіңдер мі! -Көліктегі тәртіпті отыру керек, терезеден қолынды, басынды шыгаруға болмайды. Көлік жүргізуше көрсетіңдер мі! Көліктегі айқынлап сөйлеп, шулауға болмайды. «Жер, су, әуе» ойыны. "Жер" дегенде-автомобиль сиякты жүреді. "Су" дегенде-кеме болып жүзеді. "Әуе" дегенде - ұшак болып ұшады.</p>	<p>Балалар жұмбақтың шешуін табады.</p> <p>Балалар сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Балалар ойынға белсене қатысады.</p> <p>Кимылдар жасайды.</p>
Рефлексиялдық-түзету	<p>Қорытындылау</p> <p>-Көліктің маңызы қандай?</p> <p>-Көліктің зияндығын ата</p> <p>-Жол жүргізуше көрсетіңдер мі!</p>	<p>Балалардың жауаптары тындалады.</p>

Күтілетін нәтиже: Көлік түрлерін, олардың қызметін біледі. Көліктегі қауіпсіздік ережесін сақтайды.

Толтырған тәрбиешінің аты-жөні:

**Ересек Мұзарт топ.
Өмір қауіпсіздік ережесін сақтау (вариативтік компонент)
ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің №12 технологиялық картасы**

Күні, айы, жылы 19. 11. 2019

Тақырыбы: Электр пешін тоқка коспа

Мақсаты: Электр құралдарынан алыс журуді дағдыға айналдыру. Тұрмыста қолданатын кейбір заттарды ересек адамдардың катысуымен ғана қолдану керектігін түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін сақтау туралы білімдерін көнегіту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: суреттер

Билингвальды компонент: электр пеші-электрический печ

-	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	<p>Шаттық шенбері Тілін алып кішінің де кәрінің, Көнілінен шығып жүрмін берінің. Ата - ананың айтқан сезін тыңдауды, Әдептілік белгісі деп таныдым.</p>	Балалар өлең жолдарын айтады
Ұйымдастырушылық-ізденістік	<p>Kіріспе әңгіме Өмірімізге қауіпті нәрсе – электр құралдары. Үйдегі үлкендердің көмегімен ғана ол құралдарды пайдалануымызға болады. Балалар осы сақтық шараларын орында масақ, тіпті өрт шығу қаупі орын алады. Жұмбак жасыру Үйде тұр бір жұлдыз, Ол барда тұн – күндіз. (электр лампасы) <i>Енді тақпақтар тыңдасақ,</i> Электрсыз, Шырағым, Болмай - ақ кой шүбәлі, Теледидар, Утік те - Барлығы істен шығады. Тату өскен баламыз, Айтқан тілді аламыз. Нанға кетсе анамыз, Үйде өзіміз қаламыз Косылулы тұрған электр құралына тиіспеніз және электр вилкасын су колынызben ұстаманыз. Далағы трансформаторлық үйшіктерге жақында маңыз. өмірімізге қауіпті нәрсе – электр құралдары. Үйдегі үлкендердің көмегімен ғана ол құралдарды пайдалануымызға болады. Балалар осы сақтық шараларын орында масақ, тіпті өрт шығу қаупі орын алады.</p>	Балалар мұқият тыңдайды. Жұмбактың шешуін табады. Өлең жолдарын қайталайды.
Рефлексиялық- түзету	<p>-Су қолмен электр құралдарына, розеткаға, ток қосқышқа жанасуға болмайды. Үтіктің шнурын тартпа, ол токка қосылғанда өте ыстық болады. Балаларға розеткаларға жақындауға қатан тыйым салынатын. Электр жаракаты өте қауіпті, әсіресе, тоқтың жүрек-кан тамырлары жүйесі үшін қаупі үлкен. Электр құралдарынан алыс жүру керек.</p>	Балалардың ой-пікірлері тыңдалады.

Күтілетін нәтиже:

Тұрмыстық заттар туралы біледі. Тұрмыстық заттарды ересектердің катысуымен ғана қолданады.

Толтырған тәрбиешінің аты-жөні: _____

Ересек Мұзарт топ.

Әмір қауіпсіздік ережесін сактау (вариативтік компонент)

ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің №13 технологиялық картасы

Күні, айы, жылы 26. 11. 2019.

Тақырыбы: Біз жолаушымыз

Мақсаты: Көлік пен жолаушының байланысы туралы түсінік беру. Қоғамдық көлік ішінде қауіпсіздік сактау ережесімен және жолаушылардың міндеттерімен таныстыра отырып, қоғамдық жерлерде, балабакшада, транспортта қауіпсіздік ережелерін үнемі сактауға дағдыландыру. Сактыққа, тәртіптілікке тәрбиелеу.

Көрnekілтер: суреттер, билеттер, автобус макеті. **Билингвальды компонент:** жолаушы-пассажир

	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-көзгауышылық	<p>Шаттық шеңбері Сапар шексек сіз бен біз Сан көлікке мінеміз Троллейбус трамвай Автобустен жүреміз Көлік, көлік, көлік Көліктеге мінеміз Көшелермен, көшелермен Күнде тынбай жүреміз Жол жүрудегі тәртібін Ережесін білеміз Сақтағанда қатерден Сау саламат жүреміз</p>	Балалар өлең жолдарын айтады
Ұйымдастырушылық-ізденістік	<p>Кіріспе әңгіме Қауіпсіздік ережелерін есімізге түсірейік. Жолдан жаяу жүргіншілерге арналған жерден өт. Жолдан өтерде алдымен солға ал бөлгіш жолактан кейін онға қара. Жолдан бағдаршамның жасыл түсі жанғанда ғана өт. Егер, жаяу жүргіншілрге арналған жол болмаса жаяу жүргінші жолдың шетімен қозғалыска қарсы жолмен жүруге тиісті. Жолдың машина жүретін бөлігінде ойнауға болмайды. Келе жаткан машина алдынан жолды кесіп жүгірме. Машинадан түскенде артынан айналып өту керек. Сергіту сәті Тарсылыдатпай еденді Орнымыздан тұрып ап Жүгірейік бір уақ. Бір, екі, үш, бір, екі, үш. Аяқты алға созайық Тік көтеріп, қозгайық. Тым сылбыр да болмайық Алға қарай озбайық. Бір, екі, үш, бір, екі, үш. -Жолаушы деген кімдер? -Көпшілік мінетін көлікте өзінді қалай ұстай керек? -Улken кісі автобусқа мінгенде не істеу керек? -Үлгілі, тәртіпті бала көшеде, жолда жүру ережесін, тәртібін бұзбайды.</p>	Мұқият тыңдайды. Кимылдар жасайды.
Рефлексиялық-түзету	<p>"Автобус" ойынын ойнату Ойын шарты: Балалардың бірі жүргізуі, бірі- кондуктор, қалған балалар-жолаушылар болады. Жүргізуі автобусты жүргізеді, кондуктор аялдаманы хабарлап, билет сатады. Балалар өз аялдамаларынан шығып отырады.</p>	Балалардың жауаптары тыңдалады. Балалар ойынға белсene қатысады.

Күтілетін нәтиже: Көлікте өзін ұстай біледі. Улкендерге орын береді. Жол тәртібін бұзбайды.

Толтырған тәрбиешінің аты-жөні: _____

Күні, айы, жылы 3. 12. 2019.

Тақырыбы: Қай жерде ойнауға болады

Мақсаты: Өз үйінен алысқа ұзап кетудің қауіпті екендігін түсіндіру. Арнайы ойын алаңында ойнау керектігін айта отырып, онда өзін ұстаудың ережесімен таныстыру.

Көрнекіліктер: суреттер

Билингвальды компонент: ойын алаңы-игральная площадка

	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-козгаушылық	<p>Шаттық шенбері Арманға алдан күткен асығамыз, Біз қалай толқын атпай басылармыз. Жол жүру ережесін жақсы біліп, Сақтықта тұра алатын жас ұланбызы.</p>	Балалар өлең жолдарын айтады
Ұйымдастырушылық-ізденістік	<p>Kіріспе әңгіме -Балалар, жол деген не? «Жол» деген сөздің өзі көлік құралдары мен жүргіншілер қозғалатын аумақ ұғымын қамтиды. Бұл қалалар мен елді мекендер, олардан тыс жерлердегі жолдар, көшелер мен бұрылыштар. Жол көліктер мен жаяу жүргіншілерге арналған деп екіге бөлінеді. - Жолда жүруде біз білу керекті ең негізгі ереже қандай? -Тротуар дегеніміз не? -Көшеде жүру тәртібін не басқарады? -Балалар, жолдағы жол белгілері не үшін керек деп ойлайсындар? -Қай жерде ойнауға болады? Ал қай жерде ойнауга болмайды? -Автобусқа мінерде қандай ережені сактау керекпіз?</p>	Балалардың жауаптары Жаяу жүргіншілерге арналған жол Бағдаршам Жолдағы қозғалыстарды реттеу үшін керек. Ойын алаңында ойнауға болады. Үйдің ауласында Көлік жүретін жолда ойнауга болмайды. Құрылыш жүріп жатқан жерде ойнауга болмайды. Автобусты аялдамада күтеміз. Тәртіпті сактау керекпіз. Автобустың артқы есігінен кіріп, алдыңғы есігінен түсу керек.
Рефлексиялық - түзету	<p>Қорытындылау. "Болады, болмайды" дидактикалық ойнының ойнату. -Балалар жол бойында ойнауға бола ма? -Ойын алаңында ойнауға бола ма? -Үйден ұзап кетуге бола ма?</p>	Болмайды. Болады Болмайды.

Күтілетін нәтиже:

Балалар жол жүру ережесін біледі. Жол бойында ойнамауға болмайтынды менгереді. Қауіпсіздік ережесін сактайды.

Толтырған тәрбиешінің аты-жөні: _____

. Ересек Мұзарт топ.
Өмір қауіпсіздік ережесін сақтау (вариативтік компонент)
ұйымдастырылған оку іс-әрекетінің № 15 технологиялық картасы

Күні, айы, жылы 10. 12. 2019

Тақырыбы: Көліктің адам өміріндегі пайдасы

Мақсаты: Көлік түрлерінің адам өміріндегі пайдасы туралы түсінік беру. Уақыттың ұтымдылығы туралы айту.. Балалардың ой қиялын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: суреттер, плакат

Билингвальды компонент: көлік-транспорт

	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-көзғаушылық	<p>Жұмбак шешу Төбесінде ебелек, Ұшады өзі керемет. (Тікүшақ) Табанында жолы бар, Төбесінде қолы бар. (Трамвай) Құсттан аумайды, Қекке заулайды, (ұшақ) Сымға асылып, Жұр асылып.(троллейбус)</p>	<p>Балалар жұмбактың шешуін табады.</p>
Ұйымдастырушылық-ізденистік	<p>Kіріспе әнгіме -Көліктің қандай түрлері бар? -Ауамен ұшақ, суда-кеме, қайық жүзеді. Жерде, көшеде машиналар, теміржолда - пойыз, трамвай жүреді. Осы көліктер әртүрлі мақсатта қолданады. бір жүк тасиды, екіншісі адам тасиды. -Көлікке отырғанда абай болу керек. Көлік терезесінен қолынды, басынды шығаруға болмайды. Көліктер туралы түсінік беру 1. Жер үсті көлігі: машиналар, автобустар, т. б. 2. Су көлігі: қайық, кеме, катер, теплоход, т. б. 3. Әуе көлігі: ұшақ, тік ұшақ. 4. Жер асты көлігі: метро. Жер үсті көлігінің түрлері: 1. жолаушы 2. Жүк тасымал 3. Арнаулы: жедел жәрдем, өрт сөндіру, МАИ көлігі, т. б. -Көліктің адамдарға қандай пайдасы бар?</p> <p>Сергіту сәті Сағаттың тіліндей, Иіліп онға бір, Сағаттың тіліндей Иіліп солға бір. Он аяқ, сол аяқ, Жаттығу оңай-ак.</p>	<p>Балалардың жауаптары тындалады.</p> <p>Балалар билетін көлік түрлерін айтады.</p> <p>Кимылдар жасайды.</p>
Рефлексиялық-түзету	<p>"Жер, су, аяу" ойынын ойнату "Жер"- автобус сияқты жүреді. "Су" - кеме сияқты жүзеді. "Аяу" - ұшақ болып ұшады.</p>	<p>Ойынга белсене қатысады, кимылдар жасайды.</p>

Күтілетін нәтиже: Көлік түрлерін, олардың қызметін біледі. Көлікте қауіпсіздік ережесін сақтайды.

Толтырған тәрбиешінің аты-жөні: _____

Ересек Мұзарт топ.
Әмір қауіпсіздік ережесін сақтау (вариативтік компонент)
үйымдастырылған оку іс-әрекетінің № 17 технологиялық картасы

Күні, айы, жылы 17 12. 2019

Такырыбы: Жол белгілерінің қызметі, пайдасы

Мақсаты: Жаяу жүргіншілер мен жүргізуіші арналған ережелер туралы түсінік беру. Жол белгілерінің қызметімен таныстыру. Қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: жол белгілерінің суреттері

Билингвальды компонент: жол белгісі-дорожный знак

	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-көзғаушылық	<p>Шаттық шенбері Кайырлы таң көк Аспан Кайырлы таң жер Ана Кайырлы таң апайлар Кайырлы таң балалар Сәлем,сәлем,сәлем</p>	Балалар өлең жолдарын айтады
Үйымдастырушылық-ізденистік	<p>Жолаушылар дегеніміз кімдер? Бағдаршам дегеніміз не? Жиекжол жоқ жерде қалай жүру керек? Жол белгілерін көрсетіп, таныстыру. Ескеरту белгі: Өзі қызыл, үшбұрышты ескертуің мен болам, Хабарлайтын бар қауіпті, оң сапарды жолдаган. Тыйым салу: Мен бәріне әрқашанда тыйым салып тұрамын, Қауіп болса алда тұрган, жібермеймін бір адым. Түсім қызыл, өзім шенбер сызық болып бітемін, Осы жолы үндемеймін, барма тағы сұрағын? Анықтама: Белгімен көрсетер жылдамдық пен бағытты Ой, шұнқыр, бұрылыш, қатерді, қауіпті. Барлығын да анықтап көрсетіп жіберем, Сондықтан бәрі де мені тез таныпты. Баратын сапардың қашығын, тұрағын, Үн-түнсіз жол сілтеп, көрсетіп тұрамын. Төрт топтан құрылған белгілер туыстай, Жөн сілтеп тұрамыз у-шусыз ұрыспай. Жұмбак жасыру Арқаным бар тым ұзын, Ала алмайсың бір үзім. Ақылға салып ойланып, Тапшы мұны пысығым. (жол)</p>	<p>Балалардың жауаптары тындалады.</p> <p>Балалар мұқияттын айтады.</p> <p>Өздері білетін жол белгілері туралы айтады</p>
Рефлексиялық - түзегу	<p>Корытындылау -Жол белгілерінің кандай пайдасы бар? Жол белгілері – көлік қозғалысын реттеу және көлік жүргізуі мен жаяу жүрушіге маңайдағы жол жағдайы жөнінде ақпарат беру мақсатында көше мен жол бойына койылатын арнайы белгілер.</p>	Балалар жұмбақтың шешуін табады.

Күтілетін нәтиже: Жол белгілері туралы біледі. Бағдаршамның қызметін біледі. Жол тәртібін сақтайды.

Толтырған тәрбиешінің аты-жөні:

Ересек Мұзарт топ.
Әмір қауіпсіздік ережесін сақтау (вариативтік компонент)
ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің № 16 технологиялық картасы

Күні, айы, жылы 24. 12. 2019

Тақырыбы: Бола ма, әлде болмай ма?

Мақсаты: Балаларды жануарлармен қарым - қатынас жасағанда қауіпсіздік ережелерінің қарапайым түрлерін сақтай білуге үрету. Қауіпсіздік ережесін сақтауга үрету. Ұқыптылыққа, сақтыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: ойыншықтар, суреттер

Билингвальды компонент: ит-собака, мысық-кошка

	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-кознаушылық	<p>Ұйымдастыру кезеңі</p> <p>Ала мысық панданады мяу мяу мяу Әлденеге камданады мяу мяу мяу Ала мысық айлалы жан - жағына қарады мяу мяу мяу Айналаны корағыштап ав, ав, ав, Ұзын тілі салағыштап ав, ав, ав Қос құлағы салбырап Достық жайлы ән шырқайды ав, ав, ав, мяу, мяу мяу.</p>	<p>Балалар өлең жолдарын айтады, кимылдар жасайды.</p>
Ұйымдастырушылық-ізденістік	<p>Kіріспе әнгіме</p> <p>-Балалар қандай үй жануарларын білесіндер? Ит үй жануары, жеті казынаның бірі. Үй иесі қыдырып кеткенде ит үйді күзетіп қалады, және үй жануарларын бағуға да үй иесіне көмектеседі екен. Ит қалай дыбыстайды? Оның құлағы нешеу, аяктары ше? Балалар ит адамның досы, оны жәбірлеп ұруға болмайды. Иттін баласын «күшік» деп атایмыз, Көбіне иттер немен ойнағанды ұнатады? Ол не жегенді ұнатады? Итті немесе күшікті тамактандырған соң, ойнатып болған соң қолымызды жуып отыруымыз керек. Қолымызды жумайтын болсак түрлі ауруларды жүқтүрып алуымыз мүмкін. Ит үйде тұра ма, әлде аулада ма? Балалар мысық та адамның досы. Иесіне әбден бауыр басқан мысық оның ауырып тұрған жерін тауып сол ауырған жерге жайғасып бар жылуын беріп пырылдаған күйде ұйықтайды екен. Мысықтың баласын біз «мысықай» деп атایмыз. Балалар, мысық қайда тұрады? Ол немен ойнағанды ұнатады? Мысықтың құлағы нешеу? Көзі қандай? Мысықтың ұзын мұртшасы бар ол іісті дәл сезіп табуға көмектеседі. Құйрығы ұзын ба, қысқа ма? Мысықка не ұнайды? -Балалар көшеде таныс емес ит пен мысықты ұстауға, оларға жақындауға болмайды. Олар қабаған болуы мүмкін, тістеп алуы мүмкін.</p>	<p>Балалардың жауаптары</p> <p>Ав-ав-ав Аяғы төртеу, құлағы екеу.</p> <p>Иттер сүйек жегенді ұнатады. Балалар өз ойларын айтады.</p> <p>Ит аулада тұрады.</p> <p>Мысық үйде тұрады. Құлағы екеу. Көзі жасыл. Құйрығы ұзын. Сүт ішкенді, ойнағанды ұнатады. Көшедегі ит пен мысыққа жақындаамаймыз.</p>
Рефлексиялық-түзету	<p>Корытындылау.</p> <p>-Көшедегі мысықпен ойнауға бола ма? -Итке жақындауға бола ма? -Көшедегі ит пен мысыққа тамак беруге бола ма?</p>	<p>Болмайды Болмайды Болмайды</p>

Күтілетін нәтиже: Ит пен мысық адамның досы екенін біледі. Көшеде таныс емес ит пен мысықты ұстауға, оларға жақындауға болмайтынын менгереді.

Толтырған тәрбиешінің аты-жөні:

Ересек Мұзаріп топ.

Өмір қауіпсіздік ережесін сақтау (вариативтік компонент)

ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің № 18 технологиялық картасы

Күні, айы, жылы 7. 01. 2020

Тақырыбы: Ушкір заттардан абай бол.

Мақсаты: Ересектердің рұқсатынсыз үшкір заттарды алмау керектігін түсіндіру. «Өмірге қауіпті» сөзінің мағынасын түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін сақтау туралы білімдерін кеңейту.

Көрнекіліктер: үшкір заттар, суреттер.

Билингвальды компонент: ине-иголка, қайши-ножница.

	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-козгаушылық	<p>Шаттық шенбері</p> <p>Күніміз жарқын болсын! Аспаңымыз ашық болсын! Күніміз сәтті болсын! Деніміз сау болсын!</p>	Балалар өлең жолдарын айтады
Ұйымдастырушылық-іздештік	<p>Кіріспе әңгіме</p> <p>-Балалар сендер үшкір заттармен ойнайсындар ма? -Балаларға үшкір заттармен ойнауға болмайды. Үлкендер ғана үшкір заттарды ұстаяға болады. Үшкір заттарды арнайы қобдишада сақтау керек. -Ине не қайши т.б. үшкір затты көрсөн, үлкендерге ескерт. Өзің қолымен ұстама. -Инені ауызға салуға болмайды. Қайшыны бір - бірлеріне тек тұйық жағымен берулерің керек. Қайшыны арнайы қобдишада сақтау керек. Қайшыны жолдасыңа үшкір ұшымен берме. Қайшыны ашық қалдыруға болмайды. Жолдасың қайшымен жұмыс істегендегі, көнілін белуге болмайды. Қайшының ұшын жоғары қарай көтерме. Инені арнайы қобдишада сақтау керек.</p> <p>Сергіту сәті</p> <p>Сағаттың тіліндегі Иіліп онға бір, Сағаттың тіліндегі Иіліп солға бір, Сағатқа қарап ап Жаттығу онай - ак.</p>	<p>Балалардың жауаптары тыңдалады.</p> <p>Мұқият тыңдайды.</p> <p>Кимылдар жасайды.</p>
Рефлексиялық - Түзету	<p>Қорытындылау.</p> <p>-Ушкір заттарға нелер жатады? -Ушкір затпен ойнауға бола ма? Неге? -Ушкір заттармен ойнама, ол өміріңе қауіпті.</p>	<p>Ине, шеге, пышак, қайши, шанышқы.</p> <p>Ушкір заттармен ойнауға болмайды. Олар денендеңде зақымдауды мүмкін.</p>

Күтілетін нәтиже: үшкір заттармен ойнауға болмайтынды біледі. Ушкір заттарды арнайы қобдишада сақтау керектігін менгереді. Қауіпсіздік ережелерін сақтайды.

Толтырған тәрбиешінің аты-жөні: _____

Рефлексивтік-түзетушілік	<p>Қазақстан Республикасы Білім Министрлігінің Құрмет грамотасының, «Ерен еңбегі үшін» медалінің, «Конституцияға - 10 жыл», «Павлодар облысына 75 жыл» мерекелік медалдерінің иегері, «Өзін-өзі тану» және «Үш тілде оқыту» оқыту эксперименттерін енгізу дегі респубикалық «Бебек» орталығы мен облыстық білім басқармасының Алғыс хаттарының иегері, Ақсу қаласының Құрметті азаматы. 1983-2013 жылдар аралығында директордың қызметін атқарды. «Ақсу қаласының дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназиясын ашып, көп жылдар басшысы болып еңбек етті. Қазіргі таңда зейнеткер, бірақ та қоғамдық жұмыспен өте белсенді айналысады.</p>  <p>Суреттер слайд арқылы көрсетіледі. «Кубидом» әдісі арқылы сабакты қорытындылау. -Бүгінгі сабак несімен ұнады? Балаларды мадактау. Сендер де осы аталарың сияқты ұстаз, ғұлама ғалым, ақын, жазушы болындар!</p>	<p>Кубидомның әр қабырғасында атақты адамдардың суреттері тұрады. Балалар оны атайды, қалташаны ашып, сол маман иесіне тиісті заттарды қалташаларға іледі.</p>
--------------------------	--	--

№30

Білім беру саласы	Вариативтік компонент
Бөлімі	Тұған өлкені біл және аяла
Тақырыбы	Менің өлкемнің мәдени орталықтары
Мақсаты	Тұған өлкенің мәдени жерлерін білу
Міндеттері	Тақырып бойынша сөздік қорын анықтау, кеңейту. Жай сөйлемдерді құру дағдыларын бекіту. Көру және есту қабілетін дамыту. Табиғатқа, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру, балаларды бірігіп ойнауга, үйымшылдыққа тәрбиелеу
Көрнекіліктер	Слайд, фотоаппарат, автобус, «Бэлла» мультфильмі
Билингвалдық компонент	Мәдени орталықтар-культурные центры
Әдіс-тәсілдері	Сұрақ-жауап, ойын, әнгіме, саяхат, кубизм әдісі

Iс-әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық - қозғаушылық	Бізге қонаққа басқа қаладан Бэлла дейтін қызы келді. Ол біздің қаланы білмейді екен. Өзімен бірге фотоаппарат ала келіпті. Бірақ оның досы ауырып, кетуге мәжбүр болды. Біздің қаламыздың көрікті жерлерін көре алмады. Кеше мен Бэлладан хат алдым. Хат біздің балаларға арналған. Ол сіздерден қаламыздың әдемі жерлерін, театрларын, мәдени орталықтарын, ескерткіштерін суретке түсіріп жіберулерінізді сұрайды. Ендеше, балалар, Бэллаға өз қаламыз туралы айтып берейік.	Қонаққа Бэлла деген қызы келді.
Ізденушлік - үйымдастырушылық	Қа-қа-қа-қа- ең үлкен қала. Ше-ше-ше-ше- ең көрікті көше. Тар-тар-тар-тар- көп бізде орталықтар, Ша-ша-ша-ша- біздің балабақша.	Тіл ұстарту. Жаттығу жасайды.

Балалар біз өз саяхатымызды
балабақшадан бастаймыз.

Саяхатқа немен баруға болады?

Ендеше автобусқа отырып
саяхатымызды бастаймыз.

1-пункт –балабақша: Біздің
балабақша қай көшеде
орналасқан?

2- пункт: Ж. Аймауытов
атындағы драма театры. Театрга
кім барды? Қандай ертегілер
көрдіндер?



3.Достық үйі.

Достық үйінде қандай үйірмелер
бар?

4.К. Сәтбаев ескерткіші.



Балалар осы мүсін неден
жасалған?

5.Мұражай.



Сендер мұражайда нени
көрдіндер?

6.Шәкен Айманов кинотеатры.



Балалар қандай мультфильмдер

Автобус.

Шөкин көшесінде.

Жеті лақ, т.б.

Домбыра шерту,
би, өлең айту.

Әртүрлі көне
заттар.

<p>Рефлексивтік-түзетушілік</p>	<p>көрдіндер?</p> <p>7. Женіс алаңы.</p> <p>Алаңда соғыс ардагерлерінің ескерткіштері бар. Не жанып тұрады?</p> <p>Біз қаламыздың қалай аталатынын білеміз бе?</p> <p>Біз саяхатымызды бастаған жерге қайта келдік. Ол - біздің балабакша. Балалар, қаншама әдемі суреттер түсірдік. Енді сол суреттерді Бәллаға жібереміз.</p> <p>Сергіту сәті: Карточкадағы белгілер арқылы балалар қымыл-козғалыстар жасайды.</p> <p>Д/о: «Тауып көр».</p> <p>Шарты: Көрікті жерлердің қыылған суреттері беріледі.</p> <p>Соны дұрыс жинау керек.</p> <p>Балалар, біздің қаламыз қандай тамаша. Қаламызда театрлар, кітапханалар, демалыс орындары, ескерткіштер көп екен.</p> <p>Кубизм әдісі: Белгілер арқылы сұрақтарға жауап беру.</p>	 <p>«Монстыры», «Фиксики» және т.б.</p> <p>Мәңгілік алау.</p> <p>Павлодар.</p> <p>Қымылмен көрсетеді.</p> <p>Суреттерді дұрыс жинап, қай жер екенін айтады.</p>
---------------------------------	--	---

№31

Білім беру саласы	Вариативтік компонент
Белім	Тұған өлкені біл және аяла
Тақырыбы	Спорт-денсаулық кепілі
Мақсаты	Атақты жерлес спортшылармен таныстыру
Mіндеттері	Қала (ауылдың) тұрғындарының спорттық өмірлері туралы білімдерін кеңейту. Спорттық объектілердің қажеттілігін білу. Адам өміріндегі спорттың маныздылығы туралы түсіну
Көрнекіліктер	спортақырыбындағы суреттер топтамасы, слайдтар, макеттер, теледидар, дидактикалық құралдар,

Әдіс-тәсілдері	үлестірмелі материалдар әңгімелеу, тұсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, саяхат, кубизм
Билингвалдық компонент	Дене шынықтыру- сауықтыру кешені - физкультурно-оздоровительный комплекс, салауатты өмір салты-здоровый образ жизни

Iс-әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық - қозғаушылық	<p>Шаттық шеңбері.</p> <p>Тәрбиеші балалармен бірге төмөндегі өлең жолдарын кайталайды.</p> <p>Бір, екі, үш, бойға жинап күш.</p> <p>Демімізді шығарып, таза ауа жұтамыз.</p> <p>Бір отырып, бір тұрып, онға-солға бұрылып, орнымызға тұрамыз.</p> <p>(Скайптың қонырауы шалынады)</p> <p>-Балалар, бізге скайп бойынша біреу қонырау шалып жатыр. Көрейік.</p> <p>(Тенбіл доп қонырау шалған екен)</p> <p>Көңілді әуен ойнайды.</p> <p>Теледидардан Тенбіл доп сөйлейді.</p> <p>Тенбіл доп: -Сәлем, балалар, мен Тенбіл доппүн. Сиқырлы «Спорт» әлемінен хабарласып тұрмын.</p> <p>Тәрбиеші:- Сәлем, Тенбіл доп, бізде бәрі жақсы. Тенбіл доп: -Сендердің күнде жаттығу жасап, салауатты өмір салтын сактап жүргендерінді естіп жүрмін. Тәрбиеші:- Эрине, Тенбіл доп, біз спортын сүйеміз.</p> <p>Тенбіл доп: -Міне, керемет, мен сендердің облыстарыннан шыққан спортшылармен танысқым келеді.</p> <p>Тәрбиеші:- Балалар, Тенбіл допқа спортшыларымызды таныстырайық па?</p> <p>Слайдпен жұмыс: Павлодардың спортшылары жайлы мәлімет беру.</p> <p>Дәulet Шабанбай- еркін күрестен</p>	<p>Шеңберге тұрады. Өлең жолдарын айтып, қимылдарын жасайды.</p>
Ізденушілік - үйымдастырушылық	<p>Тенбіл допты скайптан тыңдалап отырады.</p>	<p>Тенбіл допты скайптан тыңдалап отырады.</p> <p>Эңгімені мұқияттыңдап, сұракт арга жауап береді.</p> <p>-Иә, таныстырайық</p> <p>Слайдты</p>

	<p>олимпиада жулдегері. Данияр Мұслимов-акробатикадан спорт шебері, Әлем кубогының жулдегері. Ернұр Мерешев - тоғызқұмалақтан спорт шебері.</p> <p>Бұл спортшылар біздің өңірімізді елге танытып, көптеген жетістіктерімен бізді қуантып жүр. Теңбіл доп: Сендердің өлкелерің нағыз спортшыларға бай екен. Ал өздерің жүйріксіндер ме? Соны көрейік.</p> <p>Тәрбиеші:- Біз жүйрікпіз. Соны саған дәлелдейміз. Бұл спортшыларымыз бізге тапсырмалар дайындал берілті. Ол үшін фишкаларды бөлу арқылы 3 топқа бөлінеміз. 1-топ - «Дәulet Шабанбай».</p> <p>Д/о: «Дұрыс сәйкестендір».</p> <p>Мақсаты: балалардың ойлау, есте сактау қабілеттерін жетілдіру, спорттық құралдарды білу.</p> <p>Шарты: бір карточкада спортшылар бейнеленген, екінші карточкада сол спортшы қолданатын спорт құралы бейнеленген. Дұрыс сәйкестендіру керек.</p> <p>2-топ - «Ернұр Мерешев».</p> <p>Д/о: «Фуболшыларды тап».</p> <p>Мақсаты: балалардың ойлау, есте сактау қабілеттерін жетілдіру, футбол ойыншыларын басқа спорт ойыншыларынан ажырату.</p> <p>Шарты: Футбол алаңына футболшы бар карточканы орналастыру, қақпаның түсін ескеріп қою.</p> <p>3-топ - «Данияр Мұслимов».</p> <p>Д/о: «Хауызда».</p> <p>Мақсаты: балалардың ойлау, есте сактау қабілеттерін жетілдіру, хауызға қажетті заттарды ажырату.</p> <p>Шарты: хауыздың үлкен суреті тұрады. Үстелде көп карточка</p>	<p>көреді, мәліметті тыңдайды.</p> <p>3 топқа бөлінеді.</p> <p>1-топ дидактикалық ойынды орындайды.</p> <p>2-топ дидактикалық ойынды орындайды.</p> <p>3-топ дидактикалық ойынды орындайды.</p>
--	--	---

Рефлексивтік-түзетушілік	<p>жатады. Ішінен хауызға арналған заттары бар карточкаларды теріп, хауыздың суретіне орналастыру. Топтар өзара ауысады.</p> <p>Теңбіл доп: -Рахмет, балалар, спортқа нағыз жақын екенсіндер. Өз елімде сендер туралы айтып беремін. Сау болындар.</p> <p>Тәрбиеші: Балалар, ортаға жиналады.</p> <p>Слайдпен жұмыс. Слайдта Павлодар облысындағы спорт нышандары көрсетіледі. Қысқаша мәлімет беріледі. Кубизм әдісі бойынша сабакты қорытындылау. Кубикті лақтырып, түскен жақтары бойынша білгендерінді айтасындар.</p>	<p>Топтар өзара ауысады.</p> <p>Теңбіл доппен қоштасады.</p> <p>Ортаға жиналады.</p> <p>Слайдтан мәлімет алады.</p> <p>Кубикті лақтырып, түскен жақтары бойынша білгендерін айтады.</p>
--------------------------	--	---

№32

Білім беру саласы	Вариативтік компонент
Бөлімі	Туган өлкені біл және аяла
Тақырыбы	Сюжетті-рөлдік ойын: «Мектеп», «Құрылышы, «Емхана»
Мақсаты	Балаларды еңбекке, еңбекті құрметтей білуге, сыпайылыққа, ізгілікке, адалдыққа тәрбиелеу
Міндеттері	Тақырып бойынша сөздік корларын анықтау, дыбыстарды дұрыс, анық айту, жай сөйлемдерді құру дағдыларын бекіту. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Адалдыққа, еңбекті құрметтей білуге тәрбиелеу
Көрnekіліктер	Сюжеттік-рөлдік ойындарға қажетті құралдар
Билингвалдық компонент	Мектеп-школа, емхана-больница, құрылышы-строитель
Әдіс-тәсілдері	Сұрап-жауап, ойын, әнгіме

Iс-әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық - қозғаушылық	<p>Әкем менің дәрігер, Шешем менің аспазшы, Ағам менің етікші, Женгем менің суретші, Атам менің ол ұста, Бәрі - бәрі жұмыста.</p> <p>- Бұғінгі өтетін сабагымыз не туралы екенін мен жұмбақтап айтқым келіп отыр. Мен қазір өлең жолдарын оқымын, ал сендер сол жолдар арқылы табасындар.</p> <p>Іш ауырса, тіс ауырса, Анам дәрі береді, Барлық ана, барлық бала Оны жақсы көреді (дәрігер). Ұстап қалақ, Жүр үй қалап (құрылышы). Білімнің жол басшысы, Шәкірттің қол басшысы (мұғалім). Д/о: «Мамандық иелерінің құралдары».</p> <p>Шарты: балалар қоржын ішінен заттарды алып, мамандық иелеріне ажыратып қояды.</p> <p>Максаты: ойлау, есте сақтау қабілеттерін арттыру.</p> <p>Балалар қоржын ішінен алынған затқа байланысты үш топқа бөлінеді.</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын ретінде әр маман салаларының атқаратын қызметтері жайында қайталап өтеді. Өздерін сол маман иесі орнына қояды. Сейтіп өздері рөлдерге еніп ойындарды ойнайды.</p> <p>1-топ: «Мектеп»; 2-топ: «Құрылышы»; 3-топ: «Емхана».</p> <p>Тәрбиеші ойын аяқталған соң балаларды ортаға жинайды.</p> <p>Теледидарға назар аударамыз. Суретке қарап әңгімелуеу. Құрылышы не істейді? Құрылышыға қандай құралдар қажет?</p>	<p>Балалар өлең жолдарын тәрбиешімен бірге қайталайды.</p> <p>Сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Балалар қоржын ішінен заттарды алып, мамандық иелеріне ажыратып қояды.</p> <p>Балалар үш топқа бөлініп, ойын ойнайды.</p> <p>Ортаға жиналып, суреттерге қарап әңгіме құрастырады.</p> <p>-Құрылышы әр түрлі ғимараттар қалайды; -Оған балға,</p>
Ізденушілік - ұйымдастыруышылық		

<p>Рефлексивтік-түзетушілік</p>	<p>Дәрігердің еңбегі қалай? Дәрігермен тікелей телефон арқылы сойлесу. Мұғалім не істейді? Барлық мамандықтар өте қажет жен. Д/о: «Тиісті орнын тап». Шарты: балалар мамандық иелерінің қай жерде жұмыс жасай ындығын атап, тиісті орнына орналастырады. Максаты: мамандық иелері жайлыш түсініктерін арттыру. Сыйлық: «Арман гүлі». Сендердің кім болғыларын келетінін мұна суреттең арқылы білейік. Арман гүліне әр бала өзі таңдаған мамандықтандырып суретін іледі. Бұгінгі іс-әрекетке, балалар, жақсы қатыстындар, ойынды қызып ойнап, жұмбакты жақсы шешті үдер. Шеңбер болып тұрайық, Маман болып шығайық. Көріскенше күн жақсы Сая – саламат болайық!</p>	<p>балта, күрек, кірпіш, балшық тағы басқа заттар керек; -Дәрігер адамдарды емдейді; -Мұғалім оқушыларды оқытады, білім береді. Балалар мамандық иелерінің қай жерде жұмыс жасайтындығын атап, тиісті орнына орналастырады. Арман гүліне әр бала өзі таңдаған мамандықтың суретін іледі.</p>
<p>Өлең жолдарын қайталайды.</p>		

№ 33

<p>Білім беру саласы</p>	<p>Вариативтік компонент</p>
<p>Бөлімі</p>	<p>Тұған өлкені біл және аяла</p>
<p>Тақырыбы</p>	<p>Менің қаламның көрікті жерлеріне саяхат</p>
<p>Максаты</p>	<p>Көрікті жерлерге саяхатқа шығып тамашалай білуге баулу. Өз жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру</p>
<p>Міндеттері</p>	<p>Ересектердің әнгімесін тыңдалап, сөздерді қайталап айтуда дағыландауды; сөздік қорын молайту; достықка, имандылықта тәрбиелеу</p>
<p>Көрnekіліктер</p>	<p>макеттер, Мәшін Жұсіп мешіті</p>
<p>Әдіс-тәсілдері</p>	<p>түсіндіру, көрсету, көрnekілік, әнгілемелу, саяхат</p>

Iс-әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық - қозғаушылық	<p>Балалармен сәлемдесіп, шаттық шенбер жасайды.</p> <p>Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Достарына мейірімін, Жылулығын таратты.</p> <p>Балалар, бүгінгі біздің тақырыбымыз - «Мениң қаламның көрікті жерлеріне саяхат». Сол себепті біз сендермен балабақшадан тыс саяхат жасаймыз. Ең алдымен, алдарыңда тұрған макеттерге көніл аударамыз.</p> <p>-Балалар, сендерге біздің қаламыз көрікті болып көріне ме? Біздің қаламыз сендерге үнай ма?</p> <p>-Сендер қандай жерлерге жиі барасындар? Ендеше барлығымыз автобусқа отырайық? (Жолға шығады)</p> <p>- Балалар, біз қайда келдік?</p>	<p>Шаттық шенберге тұрып, өлең жолдарын айтады.</p>
Ізденушілік - ұйымдастыруышылық	 <p>-Біз әуежайға келдік. -Балалар, сендер мешіт туралы не білесіндер? -Мынау біздің қаламыздағы көрікті жерлердің бірі - әуежай. Мында ұшақтар әр түрлі бағыттарда ұшады. Тапсырма: қағаз бетінен ұшақты құрастыру. -Ал мынау қандай жер деп ойлайсындар? -Мынау - жағалау. -Балалар, сендер жағалау туралы не білесіндер?</p>  <p>Дұрыс айтасындар, мынау - жағалау. Мұнда адамдар серуендейді.</p>	<p>Сұрақтарға жауап береді:</p> <ul style="list-style-type: none"> -Иә, бізге біздің қаламыз ұнайды. Ол өте әдемі. -Біз көптеген жерлерге барамыз. Демалыста «Батыр мол» сауда ойын-сауық орталығына отбасымызben барып отырамыз. Кинотеатрга барамыз. Саябақта серуендейміз. <p>-Біз әуежайға келдік.</p> <p>-Әуежайда ұшақтар бар.</p> <p>Олармен адамдар басқа қалаларға ұшады.</p> <p>Қағаздан бүктеу әдісі арқылы әр түрлі ұшақтарды жасайды.</p>

Рефлексивтік-
түзетушілік

Тапсырма: Жағалаудың суретін салу.
Балалар, біз қайда келдік? Сендер
Женіс алаңы туралы не білесіндер?



Дұрыс, бұл - Женіс алаңы. Мұнда Ұлы
Отан соғысына қатысқан адамдарға
арналған мәңгілік алауы бар. Адамдар
гүлдер әкеліп, ата-бабаларымызға
тағым етеді.

Тапсырма: әріптерден «Женіс алаңы»
сөзін құрастыру.

Балалар, ал мынау қандай жер? Біз Мұз
сарайына келдік.

Балалар, сендер Мұз сарайы туралы не
білесіндер?



Дұрыс, бұл – «Астана» мұз сарайы.
Балалар, мұзда коньки тебуге болады.
Спортшылар хоккей ойнайды.

Тапсырма: Ребус шешу («Астана» сөзі)
Балалар, біз қайда келдік? Біз «Достық
үйіне» келдік. Балалар, сендер
«Достық үйі» туралы не білесіндер?



-Мынау, балалар, «Достық үйі». Онда
көптеген үйірмелер бар: хор,
хореография және т.б.

Тапсырма: достық туралы мақал-мәтел
айту. Балалар, біздің балабақшага
баратын уақытымыз болды.

Барлығымыз автобуска отырып, жолға
шығайық.

Іші-сыртына әдісі бойынша

-Мынау -
жағалау.
Жағалауда
шомылады,
серуендейді.
Мерекелер өтеді.
Жағалаудың ең
көрікті жерінің
суретін салады.

-Біз Женіс
алаңына келдік.
Мәңгілік алауы
бар.

-Біз Мұз
сарайына келдік.
-Мұз сарайында
коньки тебеді.
Хоккей
ойнайды.
Суреттерге
карап, ребус
шешеді.

-Біз Достық
үйіне келдік.

		<p>корытынды жасау. Шарты: Павлодар қаласының көрікті жерлерін ішкі жағына, ал қаламызда жоқ жерлерді сыртына орналастыру.</p>	<p>-Достық үйінде үйірмелер бар. Онда көп қырлы адамдар жұмыс істейді.</p> <p>Макал-мәтел сайысын өткізу. Кім достық туралы көп макал-мәтел біледі? Павлодар қаласының көрікті жерлерін ішкі жағына, ал қаламызда жоқ жерлерді сыртына орналастырады.</p>
--	--	--	---

№34

Білім беру саласы	Вариативтік компонент
Бөлімі	Тұған өлкені біл және аяла
Тақырыбы	Ауылым - алтын бесігім
Мақсаты	Ауыл шаруашылығының маңыздылығын түсіндіру. Ауыл шаруашылығы халықты азық-түлікпен, өнеркәсіпті шикізаттың кейбір тұрларімен қамтамасыз ететіні туралы білу
Міндеттері	Балалар тұған ауылының жері, тарихы, өсімдіктер мен жануарлар әлемі туралы мәлімет алады, халықты азық-түлікпен және өнеркәсіпті шикізаттың кейбір тұрларімен қамтамасыз ететіні туралы біледі
Көрnekіліктер	«Тұған ауылым» слайды, мазмұнды суреттер, үнтаспа, теледидар
Билингвалдық компонент	Шопан – чабан, егінші – фермер, енбек – труд
Әдіс-тәсілдері	Түсіндіру, көрсету, әңгімелуу, сұрақ-жауап, талдау, жеке, топпен жұмыс, «ішіне-сыртына» технологиясы

Iс-әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	<p>Тәрбиеші: –Балалар, бұгін бізде ерекше күн. Өйткені бізге көптеген қонақтар келіп отыр.</p> <p>Осы келіп отырған қонақтармен орнымыздан тұрып сәлемдесіп, жақсы тілектер жолдайық.</p> <p>Біз қандаймыз, қандаймыз, Шұғылалы таңдаймыз. Күлімдеген күндейміз, Ренжісуді білмейміз, Куанамын мен де, Куанасын сен де Куанайық, достарым, Арайлап атқан күнге!</p> <p>Балалар, бұгін біз саяхатқа ауылға барамыз. Ол үшін біз немен барамыз? Дұрыс айтасындар.</p> <p>Ендеше жайғасып, көлікке отырамыз (көліктің дыбысы шығады). Балалар, бірінші аялдамаға жеттік.</p> <p>«Жайлау» аялдамасы (слайд).</p> <p>Бұл аялдамада біз сендермен ауылдың табиғатымен танысамыз. Көлікке отырып, әрі қарай жылжимыз (көліктің дыбысы шығады). Келесі аялдама -«Еңбек» аялдамасы.</p> <p>Мен сендерге мақал-мәтел айтамын, ал сендер не жайында еkenін айтасындар: Еңбек етсең ерінбей,</p> <p>Тояды қарның тіленбей.</p> <p>-Мақалдың мағынасы не жайында айтылған, балалар, кім айтады?</p> <p>-Дұрыс айтасындар, еңбек жайында айтылған. Еңбек еткен адамның ырысы мол болады,</p>	Балалар орындарынан тұрып, келген қонақтармен амандасады.
Ізденушілік - ұйымдастыруышылық	<p>Балалар слайдты мұқият қарайды.</p> <p>Берілген сұрақтарға жауап береді.</p>	<p>Көлікпен.</p>

еңбек еткеннің
арқасында тамағымыз тоқ
болады. Еңбектің түрлері көп.
—Ендеше, балалар, слайд
арқылы ауыл шаруашылығымен
тәнисасындар. Мына суреттерде
не көріп тұрсындар?



- Қойдың пайдалы қандай?

Көлікке отырып, «Ойын»
аялдамасына келдік.
Ұлттық ойын: «Бәйге».



Мақсаты: «Ішіне-сыртына»
технологиясын қолданып,
суреттерді дұрыс орналастыру.
Ұлттық ойын: «Арқан тарту».



Мақсаты: бірлікке, ептілікке, күш
сынасуға баулу.
Балалар, көлікке отырып, әрі
қарай жылжимыз. Жол барысында
Ұнтаспадан ауыл туралы мәлімет
тыңдаймыз. Ауыл – заты қазақ
баласының кең дүниенің есігін
ашып, өмірге келген жері. Бізге

—Еңбек жайлы.

—Шопан - қой
бағады.

—Егінші – егін
егеді.

- Етін жейміз,
сүтін ішеміз,
жүнінен киім
тоқымыз.

Балалар
суреттерді
дұрыс
орналастырады.

Рефлексивтік-түзетушілік	<p>дейінгі сан толқын ұрпақтардың кіндік қаны мен маңдай тери тамған киелі мекен.</p> <p>Ауыл – адамдардың бойына нәр құятын алтын бесігі, негізгі мекен – жайы, ұлттық рухының қуат алар қайнар көзі. Ауыл көркейсе – халық өмірі жақсарады, әлеуметтік жағдайы көтеріледі.</p> <p>Ауыл төсінде жайқалып егін өссе, төрт түлік мал өрсе – ауылдың сәні кірмей ме?</p> <p>Ауыл - ұлттымыздың ұйткысы.</p> <p>Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев былай деген: «Біз, кез келген ұлттың тұп тамыры ауыл жұртында жататынын естен шығармауға тиіспіз». Ауыл – қазақ халқының алтын бесігі, салт – дәстүрі, өлең – жыры, өнерімен, мәдениетімен дамыған ордасы.</p> <p>Сабак барысында немен таныстындар? Еңбек аялдамасында не көрдіңдер? Қандай ойындар ойнадындар? Өздерін смайліктер арқылы бағалау.</p>	<p>Балалар ойнайды.</p> <p>Ауыл табиғатымен, ауыл шаруашылығым ен, ойын ойнадық.</p> <p>Еңбек аялдамасында шопанның еңбегін, азық-түлік өнімдерін көрдік.</p> <p>«Арқан тарту» ойнын ойнадық.</p>
--------------------------	---	---

№35

Білім беру саласы	Вариативтік компонент
Бөлімі	Тұған өлкені біл және аяла
Тақырыбы	Ғажайып қала (ауыл)
Мақсаты	Балалардың білімдерін бекіту, шығармашылық қабілеттірін, сөздік корларын дамыту
Міндеттері	Павлодар өніріндегі ғажайып жерлерге саяхат жасау, байланыстыра сөйлеуін жетілдіру, адамгершілікке тәрбиелеу
Көрнекіліктер	бейне-слайд түріндегі қаланың суреттері
Әдіс-тәсілдері	сөздік, көрнекілік, сұрак-жауап

Iс-әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық - козгаушылық	<p>Бөлме қала бейнесіне сай безендірілген.</p> <p>Тәрбиеші: Балалар, сендер бұғін ерекше әдемісіңдер, сендермен серуенге шыққаныма өте куаныштымын.</p> <p>Шапшаң қағып қолымды, Бір, екі, үш соғайық. Қарап тұрган көршіме, Мен қолымды былғайын.</p> <p>Жылы-жылы жұзбенен, Маңдайыннан сипайын. Жылы-жылы сөзбенен, Жүргімді сыйлайын.</p> <p>Істық алақаныммен Қолынды бер, қысайын Амандастып өзінмен, Құшақтасып алайын.</p> <p>(Музыка әуенімен тышқан келіп, хат пен сиқырлы таяқшаны тапсырады)</p> <p>Тәрбиеші: Ой, балалар, мынау хат еken ғой. Қызық, оны бізге кім жіберген екен? Оқып жіберейін: «Қымбатты достар! Мен ғажайып қалада тұратын Күлшекіз боламын. Сендер мені кітап арқылы танисындар, ал мен сендерді әлі көрген емеспін. Сендерді көруге, ғажайып Павлодар қаласын тамашалауға асығудамын. Мен кешікпей сендерге конакқа барамын. Сәлеммен Күлшекіз». Тәрбиеші: Мәссаған, балалар, енді не істейміз? Біздің қалаға Күлшекіз қонаққа келе жатыр. Балалар, осы Павлодар қаласының қандай көрікті жерлері бар? (бейне-слайд арқылы қаланың көрікті жерлерін көрсету). Мақсаты: бейне-слайд арқылы қаламыздың көрікті жерлерін атап, қайталау. Ал енді, балалар, Ертіс</p>	<p>Балалар кимыл әрекеттерін жасайды.</p> <p>Балалар мұқият тындаиды.</p>
Ізденушілік - ұйымдастыруш ылық		<p>Ертіс жағалауы, Достық үйі, Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы ескерткіш</p>

жағалауына барып Күлшеқызды күтіп алайық. Ол үшін біз автобусқа отырып, өзен портына барайық.



«Өзен порты» қақпасын ашу үшін үстелде жатқан тапсырманы орын дау қажет.

«Сиқырлы қала (ауыл)».

Мақсаты: қаланың (ауылдың) сәулетті жерлері туралы қалыптасқан білімдерін бекіту

Ойын барысы: қаланың (ауылдың) сәулетті жерлерін жұмбактар арқылы тану (көпірлер, ескерткіштер, мұражайлар). Сәулетті жерлердің ерекшелігі туралы түсіне білу (беріктік, әсемділігі, пайдасы).

Ал, балалар, енді Ертіс өзенін Күлшеқызben бірге кемеге мініп саяхаттайық. Бірақ кемеге міну үшін кеме жүргізуісінің берген тапсырмасын орындау керек.



Тәрбиеші «Менің мекенжайы» ойнын ойнатады. Ойын шарты: Балалар ар шенбер күрып отырады. Жүргізуі доп лақтырған бала тұратын мекенжайын, көшесін айтады. Балалар Күлшеқызға Ертіс өзеніне саяхат жасап таныстырады.



Балалар, енді біздің әсем қаламызда орналасқан Жұсіпбек Аймауытов

Иә,
Күлшеқызben
бірге барғымыз
келеді.

Рефлексивтік-түзетушілік

атындағы драма театрды білесіндөр той, бұғін сол театрда «Күлшекқызы» ертегісінің қойылымы болып жать р еken. Күлшекқызбен бірге қойылымды тамашалауға барғыларың келе ме?



(Балалармен видео арқылы қойылымды тамашалау). Қойылым аяқталған соң, Күлшекқызы жылай бастайды.

Тәрбиеші: Күлшекқызы, сен неге жыл п отырсың?

Күлшекқызы: Анам маған тапсырма берген еді, мен ол тапсырманы орындаладым, енді ханзаданың сарайындағы кешке бара алмаймы ханзаданы көргім келеді, көйлегімн, есқі, лас.

Тәрбиеші: Күлшекқызы, сен жылама. сенің анаң берген тапсырманы орындеймыйз, көмек береміз, солай Ж. Аймауытов театрының бөлікке бөлінген суреттерін құрастырамыз Балалар, біздің Күлшекқызыға көмег көп тиді. Енді Күлшекқызыға әдемі імз көйлек кигізіп, өзі армандаған ханзадасымен хан сарайындағы ке аттандыруымыз керек. Ол үшін біз «ішіне- сыртына» әдісі арқылы тапсырма орындау керек. Ішіне Павлодар қаласының көрікті жерл ал сыртына басқа қалалардың көрірін жерлерінің бейнесін орналастыру кі қажет.



-Балалар, сендерге саяхат ұнады м

Балалар «ішіне- сыртына» әдісі арқылы тапсыр мань орында йды.

-Иә, ұнады.

-Өзен портына бардық, Ертіс өзені бойынша саяхат жасадық.


-Павлодар қаласын саяхаттауға және және ертегі

әлеміндегі ханзадасын жолықтыруға

	<p>-Біз саяхатқа қайда бардық? -Құл шекызыға қандай көмегіміз тиді? -Павл одар қандай қала ? Бала: Қалам ызға өз сезімізді біл үреміз. Туған өлім сені сүйіп жетеміз біз биікке. Қияға қанат қағамыз. Елге шырақ болып жанамыз.</p>	<p>көмектестік. -Павлодар қаласы – ғажайып қала.</p>
--	---	---

№36

Білім беру саласы	Вариативтік компонент
Бөлімі	Тұған өлкені біл және аяла
Такырыбы	Викторина: «Кішкентай өлкетанушылар»
Мақсаты	Жыл бойы алған білімдерін тиянақтап, қорытындылау
Міндеттері	Жыл бойы алған білімдерін қорытындылау; көру және есту қабілеттерін дамыту; балалардың адамгершілікке және қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру
Көрнекіліктер	A3 форматтағы суреттер, макеттер, кубидом
Билингвалдық компонент	Көмір өндіру- выработка угля, спорт кешені- спортивный комплекс
Әдіс - тәсілдер	Сұрақ –жауап, ойын, әнгіме

Iс-әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық - -козғаушылық	<p>Күндей жадырап, Жұлдыздай жарқырап, Судай мөлдір таза көнілмен, Бүгінгі күнімізді бастайык.</p> <p>-Балалар, бүгінгі біздің викторина «Не? Қайда? Қашан?» деп аталады.</p> <p>- Балалар, біз үш топқа бөлінеміз. Бірінші топ - «Білім» тобы. Екінші - «Ақыл», ал үшінші - «Шымыр» (басқа атаулар қоюға болады). Әр топқа бірнеше сұрақтар қойылады, сол сұрақтарға жауап беру керек.</p> <p>«Білім» тобына арналған сұрақтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. <i>Тапсырма:</i> Павлодар қаласының көшелеріне қандай атакты ақын - жазушылардың есімі берілген?  <ol style="list-style-type: none"> 2. <i>Тапсырма:</i> Екіbastұз көмірін өндіргеннен кейін қай станцияларға жібереді?  <p>«Ақыл» тобына арналған сұрақтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 3. <i>Тапсырма:</i> Павлодар қаласында қандай спорт кешендері бар?  <p><i>Сергіту сәті:</i></p> <p>Шаршасандар, балалар, Қолдарынды созындар. Саусақтармен ойнандар, Қолдарынды сермендер.</p>	<p>Балалар қайталайды.</p> <p>C. Торайғыров, Жаяу Мұса, т.б.</p> <p>Екіbastұз көмірін вагондарға салып ГРЭС-1 және ГРЭС-2 станцияларына электр энергиясын шығару үшін апарады.</p> <p>«Астана» мұз сарайы, Нептун, Баянтау спорт кешендері бар.</p>
		<p>Тәрбиешінің сонынан қайталады.</p>

Денелерің шынықсын,
Саналарың тынықсын.

4. Тапсырма: Павлодар қаласында
қандай ұлт өкілдері тұрады?



«Шымыр» тобына арналған сұрақтар:

5. Тапсырма: Павлодар қаласында
қандай мешіттер бар?



6. Тапсырма: Өніріміздің қандай
жерлерінде болдың және
несімен таңғалдырыды?



Балалар, бүгінгі викторинаны
кубидом арқылы қорытындылағым
келіп тұр.

Кубидомның төрт бөлігі бар.
Біріншісі - Павлодар қаласының
аудандарын атап шығу.
Екіншісі - өлкеміздің керемет
ғимараттарын көрсету.
Үшіншісі - өлкеміздің атақты
адамдарын атап беру.
Төртіншісі - өлкеміздің танымал
саябақтарын атап шығу.
Үйдің шатыры: мадақтау, бағалау.

Қазақ, өзбек, неміс,
орыс және т.б. басқа
ұлт өкілдері тұрады.

Ақ мешіт, Мәшіхұр
Жусіп Көпееев
мешіті, Жеті ағайын
мешіті бар.

Өніріміздің
Баянауыл деген
жерінде болдым,
оның табиғаты
таңғалдыры.

Баянауыл, Ақтоғай,
т.б.

Достық үйі,
мешіт, жағажай, т.б.

С. Торайғыров,
Жаяу Мұса, т.б.

Гагарин, металлург,
т.б

«Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы арқылы «Тұған өлкені біл және аяла» бағдарламасын іске асyру

1. Д/ойын: «Идеялар себеті» - білгеннің барлығын себетке жинаимыз! (лексикалық тақырыптар бойынша)

Мақсаты – талдау негізінде балалардың ойлау әрекетін белсендіру.

Көрнекілік: тақтаға магнитпен оңай бекітілетін қатты қағаздан жасалған себет бейнесі ілінеді. Себette балалардың бейнелері бар, бұл ұжымдық ақпаратты жинағанын білдіреді; лексикалық тақырыптарға сәйкес суреттер.

Ойын сипаттамасы: ұсынылған суреттерден балалар тақырыпқа сәйкес суреттерді таңдайды. Бала өз таңдаудың түсіндірілген және себеттің ішіне салады. Тақырып бойынша ұжымдық ақпаратты жинағаны, балалардың білімдерін жандандыруға мүмкіндік береді. Балалар көп топтық білім алғанына көз жеткізеді, сөздік қорлары толады.

2. Д/ойын: «Сиқырлы шаршы» - сұрақтар – жауаптар» (балалар өткен тақырып бойынша бір-біріне сұрақтар қояды)

Кіші жастағы балаларға сұрақтарды педагог қояды.

Мақсаты - лексикалық тақырып бойынша рефлексия, НЕ? ҚАЛАЙ? НЕГЕ? сұрақтарына жауап құрастыру.

Көрнекілік: қатты картоннан жасалған шаршы (20см x 20см), әр жағында суреттер салуға арналған мөлдір қалташалар, лексикалық тақырыптары бойынша сурет топтамалары. Шаршының әр жағында шартты белгілер: 1- геометриялық фигуralар (форма мен мөлшері), 2- айна (неге ұқсайды), 3 - неден жасалынды (неден тұрады), 4 – қайда қолданылады, 5 – не сұрағын келеді, 6 – не білдің.

Ойын сипаттамасы: балалар жүппен немесе шағын топқа бөлінеді, апта тақырыбына сәйкес бір немесе бірнеше суреттер таңдайды. Шаршыны айналдыра отырып шартты белгілерге сәйкес сұрақтар қояды.

Ересек жастағы балалармен ойынды күрделендіруге болады. «Иә», «жоқ» деген жауап беретін сұрақ-тапсырма кезінде «+», «-» белгілерін қолдану. Белгілерге сәйкес қимыл-қозғалыстарды ойластыруға болады.

3. Ойын: «Ассоциативті бұталар»

Мақсаты-тақырып бойынша балалардың білімдерін белсендіру, өзара бөлінген ұфымдардың байланысын белгілеу, тақырып бойынша ұжымдық ақпаратты жинау.

Көрнекілік: лексикалық тақырыптар бойынша суреттер, тақта, маркер.

Ойын сипаттамасы: Балалар ұсынылған сөзге бірлескен сөздер мен сөз тіркестерін атайды (сөздер апталық лексикалық тақырыпқа сәйкес алынады). Барлық ұсынылған ассоциациялар сәйкес суреттермен белгіленеді, магнитты тақтаға ілінеді. Одан кейін балалар өз жауаптарын дәлелдейді және суретті

негізгі сөзбен (суретпен) бағыт арқылы қосады. Балалар жаңадан білген сөздерді белгілейді.

Күрделендіру: шартты белгілер мен бастапкы әріптермен ассоциацияларды белгілеу.

4.Дойын: «Синквейн құрастырамыз» -лексикалық тақырып бойынша рефлексия.

Мақсаты – байластырып сөйлеуді дамыту, сөздік қорларын молайту.

Көрнекілік: бес сзығы бар карта-схема: жоғары сзықта суреттерге арналған қалта; екінші сзықта екі ирек сзық; үшінші сзықта – үш бағыттама; төртінші сзықта – төрт-бестік төртбұрыштар; алтыншыда – бір қызыл тіктөртбұрыш.

Ойын сипаттамасы: балалар сөз атайды, екі сын есімді таңдайды, («Қандай?» деген сұраққа жауап беретін); үш етістік таңдайды (іс-қимыл сұрақтарына жауап беретін); басты сөйлеммен сөз құрастырады (тақырыпқа қатынасын көрсетеді); бір сөзді атайды – тақырыптың мәні.

Мектеп жасына дейінгі балаларды туған жерімен таныстыру бойынша қолданылатын дидактикалық ойындарға әдістемелік нұсқаулар

Ойын барысындағы балалармен жағымды қарым-қатынас қалыптастыру үшін балаға өзінің практикалық ынтымақтастық тәжірибесі қажет, өйткені мақсатына жету үшін құрдастарының қызығушылығын, сонымен қатар туған жерінің көрнекті жерлерін, оның тарихын, ерекшеліктерін, білімдерін сезіну керек.

Егер де балалар бірлескен әрекетте бірлікке және қуанышқа бөлінетін болса, жаңа материалдарды таныта отырып, білімге, қарым-қатынаска үмтүлады.

Ойын үрдісінде балаларда бірлескен әрекеттің нәтижесінде қуаныш сезімін, жерлестердің жетісткітеріне мақтаныш сезімін, туған жерінің өткені және казіргісіне қызығушылық пен сүйіспеншілік сезімін, топтық жетістікке жету қуаныш сезімдерін тәрбиелейміз. Проблемалық ойын жағдайлар арқылы балаларды табандылық, өз әрекетіне сенімділік тәрбиелеу, өйткені жасалған әрекет пен жалпы әрекеттің нәтижесі тәуелді болу керек. Мысалы, сызба-картасы бойынша «қаланың (ауылдың) қонағын» бір жерден екінші жерге дейін көше атауларын, көрнекті жерлерімен таныстырып жеткізу. Осындай әрекеттер баланы өз құрбылары арасындағы өзі-өзін сезіну және өзінің әрекеті мен сөздеріне жауапкершілік сезімін тәрбиелеуге көмектеседі.

Туған жерімен таныстыру кезінде қолданатын дидактикалық ойындардың манызды, шартты белгілі бір жүйелілігі, яғни кезенділік, өйткені мектеп жасына дейінгі балалардың белсенділігі, өмірлік тәжірибелің дағдылары, туған жері туралы білімдері біркелкі емес.

Балаларға атауларды жаттату әрекеттері, сюжетті ертегі ойластыру манызды сұрақты шешпейді, өйткені ойын әрекеті әлі қалыптаспаған. Сондықтан педагог өз жағынан керекті жағдай, ортаны және белгілі бір басшылықты жасауга мұқтаж болады.

Ойынды дамытудың бірінші кезеңі – таныстыру ойыны, педагог ойынның заттарымен (суреттер, фотосуреттер, карта-сызбалар) таныстарып қана қоймай, сонымен қатар берілген тақырып бойынша балалардың білімдерін бекітеді.

Келесі кезеңде балаларды ойын ережелерімен таныстыру қажет. Ойын мақсаттарын тақырыптың мазмұның кеңейтуіне байланысты. Ойын мақсатын туған жерінің өміріне байланыстырып балалардың қызығушылықтарын арттыру басты міндет.

Ойын негізі оның мазмұнында, өйткені педагог пен бала арасындағы қарым-қатынас ережеге сәйкес ойын барысында белсенді болады.

Тұған жері туралы білімдерін ойынның әртүрлі жағдайында қарастыруға болады: берілген көшениң бойымен жұру және сол көшеде орналасқан әкімшілік, мәдени, әлеуметтік тұрғыдағы мекемелерді атау, сол мекемеде жұмыс атқаратын адамдардың мамандықтары туралы айтып беру немесе бөліктөрден мекеменің суретін жинау («Суретті жина» ойыны) және сол мекеме туралы әңгімелеп беру; көшениң атап, ол көшениң атауы туралы әңгімелеп беру («Менің тұған қаламның (ауылымның) көшелері» ойыны).

Алдымен педагог ойынды басшылыққа алады, кейін балаларға ойынды ұсынып дербес ойнауга мүмкіндік береді.

Тұған жерімен таныстыры бойынша ойындарды ойната келе, балалар келесі дағдыларды иемденеді:

- тұған қаласы (ауылы) кеңістігінде бағдарлы болады, оны қысқаша әңгімелер, сөйлемдер арқылы жеткізе білуді үйренеді;
- қаланың (ауылдың) белгілі нысандарының нақты атауларын біледі;
- тұған өлкенің өткен және казіргі оқиғаларын есте сактайды.

Сонымен қатар:

- тұған қаласына (ауылына) рухани қасиеттері калыптасады;
- тұған қаласына (ауылына) танымдық қызығушылықтары артады;
- өзінің ойын жеткізе алуға, құрдастарын түсіне білуге, өз білімдерімен белісе алады.

**Мектеп жасына дейінгі балалардың тұған жерімен таныстыру
тақырыбына арналған дидактикалық ойындардың түрлері**

№	Ойынның атауы	Мақсаты	Ойын материалдары
1.	«Ескерткіш қайда орналасқан?»	қаланың (ауылдың) карта-схемасы бойынша бағдарлай білуге үйрету	қаланың (ауылдың) картасы, көріністердің фотоматериалдары
2.	«Айырмашылығын тап»	қаланың (ауылдың) көне және жаңа ерекшеліктерін салыстыруға үйрету	қаланың (ауылдың) көне көшелері мен азаматтардың және заманауи қаланың фотосуреттері, суреттері
3.	«Өз қаланың (ауылыңың) білгіштері»	қаланың (ауылдың) көрнекті орындары туралы балалардың білімдерін бекіту	қаланың (ауылдың) көрнекті орындары, көрнекті жерлерінің фотосуреттері
4.	«Бөліктерден жина»	бөліктерден тұстасы жинауга үйрету	қаланың (ауылдың) көріністерінің қылған суреттері
5.	«Қаланың (ауылдың) көшелерін аралайық»	қарта-схемада бағдарлай білуді үйрету	фотоматериал, қаланың (ауылдың) картасы
6.	«Ағаштың атауын айт»	тұған өлкенің ағаш түрлерін салыстыруды үйрету	тұған жерде өсетін ағаштардың, олардың жапырақтары мен ұрықтары бейнеленген пазлдар
7.	«Қалалық (ауылдық) лабиринт»	қала (ауылдың) жағдайында бағдарлай білуді бекіту	қаланың (ауылдың) лабиринт картасы, фишка, кубик
8.	«Логикалық тізбек» (кәсіпорындар мен мамандықтардың әлемі)	тұған қаланың (ауылдың) мамандықтары туралы білімдерін бекіту	жұмбақ суреттер
9.	«Қала (ауыл) бойынша саяхат»	бағдарлай білу дағдыларын бекіту	әкімшілік, мәдени ғимараттардың, түрғын

			Үйлердің фотосуреттері (бала гид рөлінде)
10.	«Менің көшем, менің үйім»	айналасындағы көшелердің атауларын білу	қаланың (ауылдың) картасы, орталық көшелердің фотосуреттері
11.	«Біздің қаланың (ауылдың) күстары»	қаланың (ауылдың) күстары туралы біліктерін бекіту	күстардың суреттері немесе бейнелері
12.	«Сұхбат»	«Менің қалам (ауылым)» тақырыбы бойынша қысқаша әнгіме құрастыруға үйрету	микрофон, «Газет тілшісі» деп жазылған бейдіж
13.	Ойын-жаттығу: «Жалғастыр...»	сөйлеу дағдыларын дамыту	қаланың (ауылдың) фотосуреттері немесе суреттер
14.	«Болашақтың қаласы (ауылы)»	ой-өрістерін, киялдарын дамыту	қаланың (ауылдың) фотосуреттері немесе суреттер, қалдық материал
15.	«Осылай бола ма?»	Тұған қаланың (ауылдың) сипаттамасында қателерді іздең, түзетуге үйрету	қала (ауыл) және оның көрікті орындары туралы құрастырылған әнгіме - карточкалар
16.	«Не? Қайда? Қашан?»	қаланың (ауылдың) өткені мен казіргісін бекіту	көне және жаңа қаланың (ауылдың) бейнесі бейнеленген ашық хаттар
17.	«Мен фотограф боламын»	шығармашылық кабілеттерін дамыту	оыйнышқ фотоаппарат, қағаз параптары, фломастер мен қарындаштар
18.	«Тұған өлкем туралы жұмбактар»	логикалық ойлау, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру	қаланың (ауылдың) көрнекті жерлері туралы жұмбактар